Карабанов Иван Андреевич // Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия / Бас редакторы АА.Абдуллин. – Алматы: Атамұра, 2006. – 284 б.

Мамыр 1975 - Ұлы Отан соғысында қаза тапқан қарағандылық жауынгерлер мемориалының ашылуына 35 жыл



Ұлы Отан соғысында қаза тапқан қарағандылық жауынгерлерді есте сақтау үшін орнатылған ескерткіш. 1976-1978 жылдары Жеңіс паркінде салынған. Архитектор Н.Қойшыбеков, мүсінші Ж.Қ.Молдабаев. Қызыл гранитпен көмкерілген көлбеу стелада қазақ және орыс жауынгерлерінің жартылай мүсіндері бейнеленген. Ескерткіштің орта тұсында – қола жұлдыз. Стеланың алдында қаһарман қалалардан әкелінген қасиетті топырақ салынған капсулалар көмілген. Шойыннан қойылған «1941-1945» деген жазулар сұр граниттен қаланған ескерткішті орнатқан авторлар коллективіне 1980 жылы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы берілді.

Әдебиеттер:

- «Мәңгілік от» // Қарағанды.Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 397 б.
- «Мәңгілік от» // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 401 б.

1 маусым 1950 – ҚР халық артисі Қайрат Әукенұлы Байбосыновтың туғанына 60 жыл



Қайрат Байбосынов 1950 жылы 1 маусымда Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу поселкасында туған. Әкесі Әукен етікші, қобыз, домбыра жасайтын, шешесі Торша үй шаруасындағы адам. Қайраттың өз әкесі домбыра қобыз тартса, әкесінің тұстас құрдастары Байжұман, Бұралқылар асқақтата ән салған. Қайрат қолына домбыра алып, әнге әуестенген сәби күндерінде Игілік Омаров ағасының әншілік өнері ел арасына танымал бола бастаған еді. Мектепте оқып жүргенде күйші Әуезхан Беков, әнші домбырашы Ералы Тоқанов, әнші Байзақ Сейілов, Қолмағанбет Нұрмағанбетов сияқты ағаларының өнеріне еліктеп, еркін меңгеріп, оны одан әрі дамытқан. Әлемді әні баурап қалықтаған Қайрат Ленин атындағы қазақ орта мектебін бітірген соң, Алматыдағы өнер студиясына түсті. Саңлақ әнші Қазақ ССР-нің халық артисі Ж.Елебеков класында оқыды (1969). «Гүлдер» ансамблінің әншісі болды (1969-1988). 1988 жылдан Алматы консерваториясының аға оқытушысы, доценті, 1992-95 ж. халық әні кафедрасының меңгерушісі, Республикалық эстрада-цирк колледжінің директоры (1994-97) болды. Құрманғазы атындағы консерваторияның профессоры.

Әдебиеттер:

- Ақсұңқарұлы С. Құбылыс // Орт.Қазақстан. - 2009. - 9 сәуір (№ 51). - 6 б.
- Әбілдин Қ. Көктемім жоқ, жазым өтті, күз келді..: поэзия // Азия Транзит.- Қарағанды, 2005.- №6(маусым).-15 б.
- Әміржан Ж. Жалынан сипатпаған он жыл. // Жас Алаш.- 2001.- 15 желтоқсан.-8 б.
- Байбосынов Қайрат Әукенұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 157 б.
- Байбосынов Қ. "Ән айтсам, жанымды жеп айтамын": Қазақстанның халық әртісі Қайрат Байбосыновпен сұхбат; Сабырбеков, Б. // Дала мен қала.- 2006.- 23 маусым (№24).- 16 б.
- Байбосынов Қ. Дәстүрлі әншілер үшін «тіректің» қажеті жоқ, біздің тірегіміз – қара домбыра: әнші Қ.Байбосыновпен сұхбат /сұхбаттасқан Ә.Самалбекқызы //Жұлдыздар отбасы.-№12.-маусым.-18 б.
- Байбосынов Қ. Домбырамен ән айтатындарға "ауылдың Мырқымбайы" деп қарайтындар көп..: әнші Қ.Байбосыновпен әңгіме /әңгімелескен Р.Рақымқызы // Мысты өңір.- Жезқазған, 2006.- 21 шілде.- 8 б.
- Байбосынов Қ. Қазақ тұрғанда дәстүрлі өнер өлмейді; әңгімелескен О.Дөңқабақ // Дала мен қала.- 2007.- 28 желтоқсан (№52).- 12-13 б.
- Бимендина Р. Қайрат қанаттанған мектептер: Мәдениетті қолдау жылы // Орт.Қазақстан.- 2000.-9 тамыз
- Жайлыбай Ғ. "Арқыратып, ағызып ән нәсерін": ["Қазақстан" Республикалық Телерадио корпорациясы "Мәдени мұра" бағдарламасы аясында Республика сарайында көрерменге ұсынған жаңа жобасы "Инжу-маржан" тұңғыш дәстүрлі ән кеші қазақ қоғамының мәдени өміріндегі аса ірі оқиға болды]. // Қазақ әдебиеті.- 2006.- N13.- 31 наурыз.- 12 б.

- Жұмаділдин А. Жаңаарқа: дерекнама. - Алматы : Кенже-Пресс-Медиа, 2003. - 521 б.
- Игенберлин Е. Айдынына оралған аққу /Е.Игенберлин, Ұ.Мұқышұлы // Жаңаарқа.- Атасу, 2001.-25 тамыз
- Игенберлин Е. Ел жүрегін ән мен елжіретті; Өзіміздің Тәтіш-Татьяна: Қайрат Байбосынов пен Татьяна Бурмистрованың өнер сапары // Орт.Қазақстан.- 2001.-25 тамыз
- Игенберлин Е. Өнер мерекесі: Жаңаарқа ауданының Ескене ауылында Қайрат Байбосыновқа арналды // Орт.Қазақстан.- 2000.-22 шілде
- Қазақстан өнері: жылнама / құраст. Ж.Дәуренбеков.- Алматы: Өнер, 1983.- 80 б.: суретті.
- Қазақ өнері: Энциклопедия / Бас ред. Е.М.Арын.- Алматы: Қазақстан даму институты, 2002.- 800 тг.
- Қайырбекқызы Г. Дәстүрлі әнімізге дем жетпей тұр: Дәстүрлі халық әндері насихатталуы жағынан эстрадалық әндердің тасасында қалып қойды. //Дала мен қала.- 2006.- N18.- жұма.- 8 б.
- Махметұлы С. Қос саңлақтың Қарқаралы сапары // Орт.Қазақстан. - 2008. - 11 қазан (№157-158) . - 3 б.
- Нұрша Р. "Аққуға үнін қосқан әуелетіп..." // Орт.Қазақстан. - 2009. - 4 сәуір (№ 48/49). - 8 б.
- Нұрша Р. Әнші Қайрат үні асқақтады // Орт.Қазақстан. - 2009. - 23 сәуір (№ 59). - 6 б.
- Омарова Р. Асыл ағаның арманы орындалды : әнші Игілік Омаровтың 75 жылдығына орай // Орт.Қазақстан. - 2009. - 25 сәуір (№ 61/62). - 10 б.
- Сексенұлы С. Қазақтың Қайраты 50 жылдық мерейтойын атап өтуде: Қаз. халық әртісі Қ.Байбосынов туралы // Орт.Қазақстан.- 2000.- 8 шілде
- Тоғжанов Е.Л. Атамекен: оқу құрал / Тоғжанов Е.Л., Аршабеков Т.Т.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 324 б.

19 маусым 1900 қазақ жазушысы Хамза Жүсіпбековтің туғанына 110 жыл



Хамза Жүсіпбеков 1900 жылы Қарағанды облысы қазіргі Нұра ауданының терри-ториясында кедей шаруа семьясында туған. Сәкен Сейфуллин ұйымдастырып, сабақ берген Бөгелі орыс-қазақ мектебінде оқыған. 1917 жылдан бастап Ақмола қаласындағы «Жас қазақ» демократиялық жастар ұйымы мен Омбы қаласындағы қазақ оқушыларының Демократиялық одағының қызметіне белсене қатынасқан. Хамза Жүсіпбеков 1920 жылы Коммунистік партия қатарына өтеді. РК(б)П Омбы губбюросының нұсқаушысы, РК(б)П Көкшетау убкомы мұсылман секциясының секретары, РК(б)П Ақмола губкомының бөлім меңгерушісі болып істеген. 1925 жылдан Бөкей Губпарткомының бірінші секретары, 1927 жылдан Қазақ өлкелік партия комитеті коллегиясының жауапты секретары болған.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм курстарын бітіргеннен кейін Х. Жүсіпбеков Қазақ өлкелік партия комитетінің секретары, Қазақ кәсіподақ советінің председателі, республикалық халық шаруашылығы мен юстицияның халық комиссары, Қазақ көркем әдебиет баспасының директоры қызметтерін атқарған. Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі, БК(б)П XVII съезінің делегаты болып сайланған.

Хамза Жүсіпбековтың көптеген әдеби-сын мақалалары «Еңбекші қазақ» («Социалистік Қазақстан»), «Советская степь», (Қазақстанская правда) газеттерінің, «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет», «Әдебиет майданы» журналдарының беттерінде жарияланған. «Маркстік-лениндік сын туын жоғары ұстайық», «Әдебиет майданының

міндеттері», «Әдебиеттегі бай-манап идеологиясына қарсы», «Пролетарлық сынды күшейте түсу қажет», «Сәкен Сейфуллин қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы» деген Х. Жүсіпбековтың сын мақалалары ең келелі еңбектерінің қатарына жатады. Ол беллетрист ретінде де көрінді. Ол «Қарасақпай» кітабының авторы (1928 жыл) жәпе басқа да бір қатар әңгімелер жазған. Х. Жүсіпбеков Н.Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романын қазақ тіліне аударған.

1937 жылы күзде «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1957 жылы ақталды.

Әдебиеттер:

Ақылбекова Қ. Жезқазған: Нығмет Нұрмақовтың туғанына - 110 жыл // Сарыарқа.- Жезқазған, 2005.- 21 қазан.-4 б.

Жүсіпбеков Хамза // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 274 б.

Жүсіпбеков Хамза Қазақстан жазушылары ХХ ғасыр: анықтамалық.- Алматы: Ана тілі, 2004.- 141б.

Жүсіпбеков Хамза Советтік Қазақстан жазушылары: Био-библиографиялық анықтамалық / ред. Т. Рахимов.- Алматы: Жазушы, 1987.- 266 б.

Файзуллаев Ә. Юстиция халық комиссарлары=Народные комиссары юстиции: Дерекнамалық баян/ Ә. Файзуллаев, Б. Қабдөшев. - Алматы : Жеті жарғы, 1999. - 344 б. -

30-31 тамыз 1935 Стаханов қозғалысының басталғанына 75 жыл, 26 қыркүйек Т.Күзембаевтың бригадасы (6 адам) көмір жөнінен Қарағанды бассейнінің рекордын жасағанына 75 жыл; 7-9 желтоқсан облыс стахановшыларының алғашқы слетіне 75 жыл.

1935 жылы Донбасс шахтері Алексей Стаханов толық емес бір ауысым ішінде 7 тонна орнына 102 тонна көмір шауып, тамаша еңбек көрсеткішіне жетті. Большевиктік баспасөз бұны таңғажайып рекорд ретінде жариялап, мұндай нәтиже тек қана советтік құрылыс кезінде ғана мүмкін болады деп даурықпа ұрандатып жатты. Шын мәнінде рекордтың сыры мынада еді.

Кадиевқадағы «Центральная -Ирмино» шахтасында көп жылдан бері зобойшы болып еңбек ететін тәжірибелі шахтер А.Стаханов шойбалғамен көмір шабудың ұтымды әдістерін көптен ойластырып жүретін. Егер жұмысты дұрыс ұйымдастыра білсе, яғни забойшыға қолайлы жағдай жасалса тәжірибелі кенші көмір қабатының жігін, кливажын, яғни жарықшақтарын тиімді пайдаланып отырса, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға болатындығын тәжірибе жүзінде сынап көрген. Яғни қара күшке салып емес, айламен, еңбекті жан-жақты ұйымдастыру арқылы. Сондықтан да бұл рекордта ешқандай «ғажайыптық» жоқ болатын. Өзінің Қарағанды шахтерлеріне 1968 жылғы 1 мамырда «Казахстанская правда» газеті арқылы жазған хатында даңқты шахтер осы оқиғаны былай еске алады: «30 тамыздан 31 тамызға қараған түнде мен, парторғмыз Константин Григорьевич Петров, учаске бастығы Николай Машуров забойға түстік. Маған бұрын 10-12 забойшы жұмыс істейтін кеңістік босатылып берілді. Константин Григорьевич шахтер шамын жарық қылып тұрды, ал мен жалғыз өзім көмір шаба бастадым. Өмірде бірінші рет тіреушілер забойшыға ілесе алмады. Бес сағат 45 минут ішінде мен 102 тонна көмір шаптым. Бұл - сол кездегі 14 нормаға пара-пар болатын... Әңгіме ондаған, тіпті жүздеген за-бойшылардың бәлендей рекорд қоюында емес. Мәселе осындай жоғарғы

көрсеткіштердің барлық шахталар үшін орта дәрежеге айналуында. Озық әдіс бірте-бірте барлығының баспалдақпен жоғары көтерілуінің алғы шарты болмақ».

Міне Кеңестер одағында атақты стахановшылар қозғалысы осылай басталған еді. Халық шаруа-шылығының түрлі салаларында жұмысшылар еңбектің озық әдістерін кеңінен іздестіре бастады. Түрлі өндіріс салаларында, мәселен, автомобиль өнеркәсібінде Александр Бусыгин, тоқыма өнеркәсібінде Евдокия және Мария Виноградовалар, теміржол транспортында Петр Кривонос, машина жасауда Иван Грудов, металлургияда Макар Мазай, ауыл шаруашылығында Паша Ангелина, Мария Демченко, Константин Борин, Федор Колесов стахановтық қозғалысты өрістеткен өрендер атанды.

Қанша айтқанмен стахановшылар жарысы көмір өнеркәсібінде туындады. Қарағанды бассейнінде де бұл жарыс қызу қарқын алды. Сол арқылы үшінші көмір ошағында шахтер еңбегі биік тұғырға көтерілді. Қойнауы қазынаға бай өлкеден атақты стахановшылар, олардың ісін алға апарған екпінді еңбек ерлері көптеп шықты.

Донбастық әріптестерінің өнегесін алғашқы болып №12 шахтаның кеншілері өрістетті. Шахта забойшысы Ушаков бір ауысымда 11 вагонетка орнына 70 вагонетка көмір шауып, рекорд жасады. Көп ұзамай бұл нәтижеден №1 шахтадағы Түсіп Күзембаевтың және №4 шахтадағы Дайырбековтың бригадалары асып түсті, 27 қыркүйек күні облыстық газетте мынадай хабар жарияланды: «№1 шахтада стахановтық қозғалыс кеңінен өрістеген. Түсіп Күзембаевтың бригадасы стахановтық тәсілдің таңдаулы үлгілерін көрсетуде. Учаске бастығы Лапиннің шебер жетекшілігімен 26 қыркүйек күні түнде забойшылар Күзембаев (бригадир), Жаксыбеков, Құсайынов, Рақымов, Қырбасов бір ауысымда 220 вагонетка көмір шапты».

Сол жылдың 16 желтоқсанында №17 шахтаның забойшысы Байдзлда Мұқажанов қолмен көмір шабу жөнінен рекорд жасауға бел байлап шахтаға түсті. Небәрі үш сағат ішінде ол 25 вагонетка орнына 100 вагонетка отын жөнелтті. Сол ауысымда озат стахановшы нормасын 800 процент орындады.

Стахановтық тәсілді бассейнің көптеген таңдалы шахтерлері іліп әкетті. Забойшылар Рақышев, Нұрбеков, Такинский, врубмаинистер Боженок, Литвинов, Топаев және басқалары нормаларын үнемі 200-400 процентке асыра орындап жүрді. Жаңашыл әдістерді қолдану көмір өндірудің де қарқыны арттыра түсті. Мысалы тарихшы Н.Дауылбаев өзінің «Қарағанды көмір бассейні» деген кітабында 1935 жылғы қазан айының бірінші онкүндігінде 79139 тонна көмір өндірілсе, екінші онкүндігінде 80110 тонна және үшінші онкүндігінде 92658 тонна көмір қырға шығарылғандығын атап өтеді. Сондай-ақ жаңашылдар салада күн санап арта түскендігін көрсетеді. 1935 жылғы қараша айына қарай олардың саны 2005 адамға жеткен.

Стахановшылар қозғалысы жергілікті газеттерде үзбей жарияланып тұрды. Жоғары жақтың нұсқауы бойынша оларға партия, кеңес, кәсіподақ ұйымдары тарапынан қолдау көрсетілді. 1935 жылдың 7-9 желтоқсанында өнеркәсіп пен транспорт стахановшыларының 182 делегаты мен 700-ден астам қонақ қатысқан қалалық слеті болып өтті. Слет делегаттары отанға мол өнім берудің келелі мәселелерін талқылап, өндіріс озаттарының бай тәжірибелерімен ортақтасты.

Қалалық «Қарағанды пролетариаты» газеті слетке «Қарағанды стахановшылары жұмыс тәжірибелерін ортаға салады» деген бет арнады. Кейін Социалистік Еңбек Ері атанған белгілі шахтер Сікен Шоманұлы (18 шахтаның бригадирі) өз тәжірибесін газет арқылы былай насихаттайды: «Қандай забой болса да көмірді астынан келеп алғаннан кейін жігі босап қалады, сонан кейін көмірді құлатуға көп қиындық болмайды. Тек әрбір пластың жігін тауып алып, көмірді кесек-кесегімен құлата береміз. Пластың жігін білмеген қалайшылар көп күшті бекер шығын қылады. Мен көмір забойларының төбесінің қауіпті-қауіпсіздігін де жақсы аңғарамын. Лаваға, штректерге барғанша көмір шабуға кіріспей тұрып төбе топырағын байқаймын. Көмір құлатудың техникасын шеше білгеннің арқасында менің өндіріс жоспарым да үздіксіз артық орындалады. Стаханов әдісіне көшкелі бұрынғы 9 қалайшы істейтін лавада біз осы күні 4-ақ қалайшы істеп жүрміз.

Жоспарды бұрынғы 9 адамның орындағынан бір жарым есе артық орындайтын болдық». Осы номерде сондай-ақ Киров атындағы шахтаның стахановшы бригадирі Рақышұлы, №1 шахтаның маңдай алды стахановшысы Күзембайұлы, №9 шахтаның забойшылар бригадирі Тебайұлы, №2 шахтаның стахановшысы Дайырбекұлы өз тәжірибелерін ортаға салады. Екпінді еңбегінің арқасында қарапайым шахтер Мағауия Рақышев КСРО Орталық Атқару Комитеті Ұлттар Кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Жыл аяғында стахановшылар саны 2158 адамға жетті. Осы жылы қарағандылықтар 2,356 миллион тонна отын өндірді.

Стахановтық қозғалыс 1936 жылы одан әрі өрістей түсті. Сол жылы Қарағандыда жаңашылдар-дың 5 күндіктері мен 10 күндіктері ұйымдастырылып тұрды. 3 тамызда Ауыр өнеркәсіп халық комиссия-ры С.Орджоникидзе бір топ таңдаулы стахановшыларды қабылдады. Оған қарағандылықтар атынан бассейнде стахановтық қозғалыстың бастамашысы болған Түсіп Күзембаев қатысты. Жыл аяғында Ауыр өнеркәсіп халық комиссариатының бұйрығы бойынша бір топ қарағандылық шахтерлер: «Қара-ғанды көмір» тресінің басқарушысы М.Смирнов, бас инженері В.Смерткж және №3-26 Киров атындағы шахтаның бас инженері И.Дрейге «М-1» жеңіл автомашинасы, №17-19 Калинин атындағы, №18, №1 шахта меңгерушілері А.Лаухин, М.Крутько, М.Малютин, №18 және Киров атындағы шахтаның учаске бастықтары М.Попов, М.Әзімбаевқа, врубмашина машинистері Ә.Топтаев, Е.Боженокқа, Киров атындағы шахтаның забойшылар бригадирі Байтулинге мотоциклдер сыйға тартылды. Стахановшылар саны жыл санап арта түсті. 1937 жылы олардың саны 2878 болса, 1940 жылы 3417 адамға жетті.

Стахановтық қозғалыстың етек жаюы Қарағанды көміршілерінің 5 қарашада 1936 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығуға мүмкіндік берді. Осы жылы бассейнде 3,772 миллион тонна көмір өндірілді.

Қарқын жылдан-жылға арта түсті. Сөйтіп 1938 жылы - 4,12 млн. тонна, 1939 жылы - 5,04, ал 1940 жылы - 6,3 млн. тонна кокстелетін тас көмір өндірілді. Үшінші көмір ошағы өз атына сай қанатын қомдап болашаққа зор сеніммен қарайтын болды.

Әдебиеттер:

Әшімұлы Б. Ескі же жаңа Майқұдық: Мерекелік фоторепортаж // Орт.Қазақстан.- 2004.- 31 тамыз.-1 б.

Дастанов А. "Қарағанды шахтерлерінің серті": [1936 жылғы 3 ақпанында "Социалды Қазақстан" газетінде жарияланған мақала туралы] // Орт.Қазақстан.- Қарағанды, 2006.- 4 шілде.-2 б.. Шарайна.- Сәтбаев, 2006.- 7 сәуір.-6 б.

Жанғожин А. Ақ қайладан "Айкхоффқа" дейін: Шахтер күнінің 60 жылдығына // Орт.Қазақстан.-2007.- 16 тамыз.-3 б.

Жанғожин А. Рекордтар мекені: Қазыналы қарашаңырақ; А.Жанғожин, Е.Лұқпан // Орт.Қазақстан.- 2004.- 15 қаңтар.-3 б.

Жанғожин А. Стахановшылар қозғалысы: Қазыналы қарашаңырақ /А.Жанғожин, Е.Лұқпан //Орт.Қазақстан.- 2003.- 25 желтоқсан.-3 б.

Игібаев Ж. Көмірмен даңқы шыққан: Облыс отаулары: Қарағанды қаласы // Орт.Қазақстан.-2006.- 25 тамыз.- 7 б.

Имаш Е. Аталар дәстүріне адалдық: Түсіп Күзембаев атындағы шахтаға - 45 жыл // Орт.Қазақстан.- 2004.- 22 сәуір.- 8 б.

Имаш Е. Шахтаның шаттық тойы: Фоторепортаж // Орт.Қазақстан.- 2004.- 27 сәуір.- 3 б.

Қанаттас қалалар: Орталық Қазақстанда Совет өкіметі жылдарында қатар түзеген жас қалалар жайлы очерктер жинағы / Құр. Е. Бәйтенов.- Алматы: Қазақстан, 1968.- 156 б.: сур.

Қарағанды кеншілерінің көшбасшысы // Орт.Қазақстан.- 2004.- 18 қыркүйек.-10 б., Заман.- Ақсу-Аюлы, 2006.- 15 маусым.-4 б.

Мақаш Д. Ерең еңбек тарланы: Түсіп Күзембаевқа қатысты бірер сөз // Орт. Қазақстан.-2004.- 8 қаңтар.-7 б.

Мақаш Д. Тоқсаннан асқан ақсақал: Қарағандының кешегі тірлігінің тірі шежіресі // Орт.Қазақстан.- 2004.- 12 ақпан.-7 б.

Орыспаева М. Стахановшы Кішкентаев: XX ғасырдың 30-жылдыры Қарағанды кенішінің қалыптасуыны, дамуына зор үлесін қосқан кеншілердің бірі - Ілияс Кішкентаев // Орт.Қазақстан.- 2007.- 25 тамыз.- 3 б.

Смағұлов Ғ. Ағалар дәстүріне адалдық: Өндіріс -өмір өзегі // Орт.Қазақстан.- 2004.- 14 ақпан.-4 б.

Смағұлов Ғ. Күзембаев кеншілерінің ірі жеңісі // Орт.Қазақстан.- 2004.- 6 қараша.-4 б.

Стахановшылар қозғалысы // Қарағанды.Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 519 б.

Стахановшылар қозғалысы // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 483 б.

Тілеужанов Т. Күзембаевтың атына кір келтірмейміз: Өндіріс - өмір өзегі // Орт.Қазақстан.- 2004.- 1 маусым.-3 б.

Тамыз 1850 Қазақ халық ақыны Доскей Әлімбаевтың туғанына 160 жыл



Топжарқын ақын, айыр-көмей шешен, жезтаңдай әнші, дарынды композитор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, орденді халық ақыны Доскей Әлімбайұлы 1850 жылы «Сораң» қазіргі Саран, Астана облысы деген жерде дүниеге келген. Жасынан жетім қалып, байларда жалшылықта жүрген.

Жас шағынан өнер мәдениетін - әйгілі Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Біржан салдардан үйреніпті. Доскей Орынбай, Кемпірбай сынды өнерпаздармен кездеседі, Үкілі Ыбырай және Ақан серімен айтысады. «Көмейің кең, тілің мірдің оғындай өткір екен...» - дейді Біржан, Доскейге домбрасын сыйлап.

Доскей әу бастан аңыз - әңгімелерге, ертегі - жырларға, ән-күйге құлағын түріп, зейініне тоқып, халықтың ақ жамбыдай асыл дүниелерін жадына ұстап жүреді. Жасынан жетім қалған, байлардың жалшысы болған ол 16 жасынан өзінің ақындығын таныта бастайды. Революцияға дейін Доскей патша үкіметі мен бай, билердің айуандық қылықтарын өзінің өткір жырларымен өлтіре шенеді. Халық ішінен шыққан ақын Доскей қанша қудаланып, қиындыққа кездесе де, үстем тап өкілдерінің алдына бас имеген,

Үркілдеген шошқадай майына мас,

... Өгіздей семіріпті өлең жеген,- деп ол еңбекшілерді жегідей жеген арамтамақтарды қатты сөкті.

Кеңес заманы орнағаннан кейін Доскей көмірлі Қарағандыда өмір сүрген. Сондықтан шығармаларының негізгі тақырыбы Қарағанды кеншілерінің өмірі мен еңбегі болды. «Қарағанды», «Екі сайлау», «Жүрегім» деген өлеңдері ақынның таңдаулы шығармалары болып есептеледі

Жасы жүзге аяқ басқан Доскей Әлімбайұлының ақындық дауысы майдан жылдарында ерекше екпінмен естіледі. Отан қорғау жолындағы әрбір жеңісті, әрбір жаңалықты, әр жауынгердің егжей-тегжейлі анықтап, сұңқарша саңқылдады. Алпыс дұшпанның көзін құртқан қазақтың батыры Досмағамбетовтың, Жұмалиевтың асқан ерлігін баяндады.

1943 жылы Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин Қарағанды қаласында болғанда, оны Доскей Әлімбайұлы өлеңмен құттықтайды.

Доскей қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін, шешендік, тапқырлық сөздерді, тарихи адамдардың өмірі мен өнерін өте көп білген. Ақынның айтуында, Ақдүме қыз бен Асан ханның айтысы бар. Сондай-ақ Доскей - «Қажымұқан», «Бақыт іздеуші тазша», «Қара сиыр» дастандарының авторы.

1939 жылы Д.Әлімбаевқа Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша «Қазақ халқының ауызша халық творчествосын өркендету ісіне озат еңбек сіңіргені үшін», «Қазақ ССР өнеріне еңбек сіңірген қайраткері» атағы, 1940 жылы «Құрмет белгісі» ордені берілді.

1940 жылы мамырда Доскей Әлімбаевтың жасының тоқсанға, ақындық қызметінің 75 жылға толуына орай республикалық көлемде мерейлі мерекесі аталып өтті. Бұл тойға Н.Байғанин, Н.Бекежанов, Н.Баймұратов, С.Мұқанов, Ш.Қошқарбаев, Қ.Әбдіқадыров, А.Тоқмағамбетов қатысты. Нұрпейіс, Шашубай, Нартай, Нұрлыбек сынды халық ақындары той иесіне жырман шашу шашты.

Сезімі өткір, қиялы ұшқыр, ақын Доскей жасы жүзге таяп қалған күннің өзінде ел өміріндегі елеулі оқиғаларды, ұлан - асыр той мерекені қанатты шабытпен жырға қосатын. Ол өмірінің соңғы көп жылдарын өзі тұстас, өзінен кіші де ақындармен айтыспен өткізді. Мұнда көбіне Орталық Қазақстанның, көмірлі Қарағандының еңбек өрендерін, ақын - жыршыларды, ел қорғаған батыр-ерлерді, ана мен бөбектерді, халықтар достығын жырлады. Ол өзінің домбыра күйімен, қарт үнімен Ұлы Отан соғысының ерлерін мадақтап, зұлым жауды жеңіп шығуымызға ізгі ниет -тілегін білдіріп отырды.

Ән мен сөздің шебері - Д.Әлімбаевтың өмірі мен творчествосын зерттеп, халық арасына насихаттауда Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысы бойынша сол кездегі өкілдері Рахымбай Құлбаев, Айтбай Хангелдин, Әуезхан Көшімов, Қалижан Бекхожин, Аллажар Теміржанов, Жаппар Өмірбеков, Бүркіт Ысқақов.

Жасы жүзге таянғанда, 1946 жылғы 2 - қазанда Доскей Қарағандыда қайтыс болды. Ақынды арқа жұртшылығы, оның ішінде қарағандылықтар өзі тірісінде де, қайтыс болған соң да қадір тұтып, оған зор құрмет көрсетті. Д.Әлімбаев есімімен Қарағандыда көше, жатқан жерінде - Бұқар жырау ауданында елді мекен аталды.

Әдебиеттер:

Ақын жырлары / Құр. М.Дүйсенов, Е.Ысмаилов.- Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958.- б.

Ақын-жыраулар / Қазақ ССР Ғылым Академиясы.- Алматы: Ғылым, 1979.- 183 б.

Әлімбаев Д. Арғын-қыпшақтан шыққан Арыстан, күллі жиһанның балуанымен алысқан Қажымұқан туралы: Поэма // Орт.Қазақстан.- Қарағанды, 2000.-5 тамыз

Әлімбаев Д. Жүрегім; Қос басқан жалтарма; Қалқаға; Доскей мен Ыбырайдың айтысы: [Өлеңдер, айтыс] // Орт.Қазақстан.- 2000.-9 тамыз

Әлімбаев Д. Кенесары: Поэма // Орт.Қазақстан.- 1991.- 29 қазан, Орт.Қазақстан.- 2000.-26 шілде

Әлімбаев Д. Кенші жыры: өлеңдер, толғаулар, ертегі, айтыстар; құраст. С.Негимов, Б.Ысқақов.- Алматы: Жазушы, 1986.- 136 б.: сур.

Әлімбаев Д. Ленинсіз 16 жыл // Ақын жырлары.- Алматы, 1958.- 128 б.

Әлімбаев Д. Бүгін; Кәрілік: [Өлеңдер] // Орт.Қазақстан.- 2000.-19 тамыз

Әлімбаев Д. Қарағанды - кенішім: [Өлең] // Орт.Қазақстан.- 2000.-19 тамыз

Доскейдің әңгімелері: Ақжолтай Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 4 қыркүйек.-8-9, 16 б., Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N8.-40 б.

Ол туралы әдебиеттер:

Әлімбаев Доскей (1850-1946) Қазақстан жазушылары XX ғасыр: анықтамалық.- Алматы: Ана тілі, 2004.- 53 б.

- Доскей Әлімбаев // Қазақ Совет Энциклопедиясы. 4-ші том.- Алматы, 1974.- 26-27 б.
- Доскей Әлімбаев //Қазақ ССР қысқаша энциклопедия. 4-ші том.- Алматы, 1989.- 216 б.
- Доскей Әлімбаев // Қарағанды.Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 171-172 б.
- Доскей Әлімбаев // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 215 б.
- Байғалин Н. Доскей Әлімбаевтың мерейтойына арнау:[Өлең] // Орт.Қазақстан.- 2000.-19 тамыз
- Балташұлы Е. Елдің жайы осындай: Доскей ақынның туғанына-150 жыл // Орт.Қазақстан.-2000.-2 тамыз
- Балташұлы Е. "Өлеңім! Жүрек, жаным саған ортақ": Доскей ақынның туғанына-150 жыл //Орт.Қазақстан.- 2000.-22 шілде
- Балташұлы Е. "Өлеңім, мен - тоқсанда, сен - әлі жас": [Доскей Әлімбаевтың туғанына 150 жыл толған мерейтойы туралы] // Орт.Қазақстан.-2000.-26 тамыз
- Бексейітов С., Жандаев Ш. Доскейдің өтті тойы дүбірлетіп // Орт. Қазақстан.- 1990.- 19 қазан
- Ештанаев Ғ. Ақын есімі де атаусыз қалмас.: Республикалық ақындар айтысы қарсаңында // Орт.Қазақстан.- 2001.-3 наурыз
- Ештанаев Ғ. Жыр құған он бес жастан ақын Доскей: Доскей ақынның туғанына-150 жыл //Орт.Қазақстан.- 2000.-19 тамыз
- Жақсылық Е. Жүректің түпкірінен шерді айдаған // Взгляд на события.- Қарағанды, 2004.- 21 қаңтар(N3).-17 б.
- Құдышев О. «Арқаның адыра емес, төскейі едім...»: /Халық жыршысы Д.Әлімбаев творчествосы хақында// Қаз.әдебиеті.- 1990.- 28 қыркүйек.
- Құдышев О. Бір ұлы Әлімбаевтың Доскей едім... // Орт. Қазақстан.- 1989.- 22 шілде.
- Лұқпан Е. Доскей есімін сұраған Шет ауданы еңбекшілерінің 1940 жылғы өтініші аяқсыз қалған // Орт.Қазақстан.- 1996.- 11 май
- Намысы жіберген жоқ қолдан беріп: Д.Әлімбаевтың туғанына 150 жыл // Сарыарқа.- Ульяновка, 2000.- 9 қыркүйек
- Нәрешев Р. Бұдан алпыс жыл бұрын: Д.Әлімбаевтың туғанына-150 жыл // Орт.Қазақстан.-2000.-19 тамыз
- Нәрешұлы Р. Доскей: Өлең: Доскей туғанына 150 жыл толуына орай // Орт.Қазақстан.-2000.-2 тамыз
- Негимов С. Қазақтың сал-серілері: ғылыми эсселер- Алматы: Ана тілі, 2005.- 128 б.
- Смағұлов Ғ. Жыр арқауы - Қарағанды: Қарағанды облысына - 70 жыл // Орт.Қазақстан.-2002.- 6 ақпан
- Смағұлов Ғ. "Жырыммен жеңісті шындадым" // Орт.Қазақстан.-2002.- 8 мамыр
- Смаханұлы С. Доскей атауы берілді: Сүйінші // Сарыарқа.- Ботақара, 2002.- 19 қаңтар
- Смаханұлы С. Мен көшкенде кілемім жерде қалар.: Д.Әлімбаевтың туғанына 150 жыл толу қарсаңында // Сарыарқа.- Ульяновка, 2000.- 5 тамыз
- Текенова Ә. Доскей Әлімбаевтың ақындық дәстүрі және әдеби мұрасы // Сана.- Қарағанды, 2000.- 30 қараша(N45).-5 б.
- Тоғжанов Е.Л. Атамекен: оқу құрал / Тоғжанов Е.Л., Аршабеков Т.Т.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 324 б.
- Тұрханова К. Ақын ауылында туған ойлар // Орт. Қазақстан. 1988.- 20 қараша.

1 қыркүйек 1950 – Қарағанды Мемлекеттік Медицина Академиясының ашылуына 60 жыл



Қарағанды Мемлекеттік Медицина институты 1950 жылы құрылды. Тұңғыш сабақ емдеу факультетінің екі курсына өткізілді. 1959 жылы санитарлық-гигиеналық факультет ашылды. Ал 1960 жылы педиатрия факультеті жұмысын бастады. Кейін стоматология факультеті ашылды. Институтқа 1961 жылы I категория берілді. Негізінен 1988 жылға дейін медицина институты 18 мыңнан астам маман даярлады. Оның жанында адам анатомиясы, гистология, хирургия, терапия, т.б. мамандықтар бойынша аспирантура бар.

Оқу орнында ұстаздық еткен азаматтардың көпшілігі Мәскеуден және КСРО-ның өзге қалаларынан жер аударылып келген совет медицинасының көрнекті өкілдері болатын. Солардың арқасында отандық медицинаның ғылыми негізі қаланып, дәрігер кадрларын дайындаудың тамаша үрдістері қалыптасты, технологиясы жасалды. Бұл орайда профессорлар Н.Альбертон, Ю.Беляев, А.Брофман, Н.Шрайбер, А.Штейнберг және тағы басқа ғалымдардың еңбегі зор.

Алғашқы кезден бастап оқу орнының тізгінін білікті басшы, шебер ұйымдастырушылар ұстады. Олар институттың тұңғыш ректоры П.Поспелов, одан кейінгі ректорлары доцент А.Филин, профессор Н.Хлопов. Осы кісілердің арқасында институт керегесі уақыт өткен сайын кеңі түсіп, материалдық базасы нығайды. Алғашқыда бір ғана факультет, жүз студент, 23 оқытушы, 11 кафедра ғана негізін құрылған институтта келе-келе факультеттер саны жетеуге жетіп, жарты ғасырға жуық уақыт ішінде 60 мыңдай білікті мамандар түлеп ұшқан. Ғылыми ізденіс, шығармашылық жұмысқа өріс ашылды. Институт құрылғаннан соң ізінше ашылған аспирантура, клиникалық ординатура ұлағатты ұстаздар ізбасарларының көбеюіне мүмкіндік туғызды. 1961 жылы институт Республика көлеміндегі кәсіби деңгейі жоғары дәрігерлер дайындайтын бірінші дәрежелі оқу орны мәртебесін алды. Санитарлық-гигиена, стоматология, орта буын медицина мамандарын дайындайтын факультеттер ашылып, соған орай көптеген кафедралардың тұсауы кесілді.

1989 жылы институтта институтта Шығыс бөлімі ашылып, онда тұңғыш рет қазақ жастары ана тілінде дәріс ала бастады. Қазіргі таңда институтты қазақша оқып, бітірген 822 маман республиканың түкпір-түкпірінде қызмет етуде.

1992 жылдан бастап оқу орны өз қабырғасында шетелдік жастарды оқыта бастады. Академия дипломын алған шетелдіктердің қатары бүгінде 58-ге жетіп отыр. Емдеу, педиатрия және санитарлық-гигиена факультеттеріне ортақ білім беру сатысы ролін атқаратын жалпы медициналық факультет ашылды. 1992 жылы Орталық Азияда бірінші болып, ТМД көлемінде үшінші болып оқу орнында медициналық-биология факультеті ашылды.

1993 жылы оқу орнының оқу-әдістемелік корпусына Теміртау медициналық училищесі, одан соңғы төрт жыл ішінде №1 қалалық гимназия, Балқаш, Көкшетау, Жезқазған, Екібастұз медицина колледждері кірген еді.

1997 жылы оқу орны Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы болып қайта құрылды. Академияның құрамына Көкшетау, Жезқазған, Қарағанды колледждері енген. Сондай-ақ оның Өз гимназиясы да бар. Облыстық әкімшілік №1 қалалық аурухананы да академияға берген. Қазір мұнда бес факультетте 27 кафедра жұмыс істейді. 425 оқытушының 43-і медицина ғылымдарының докторы болса, 174-і ғылым кандидаттары. Студенттердің жалпы саны 2000-нан асып отыр. Академия ғалымдары кейінгі кезде «Орталық Қазақстанның экологиясы мен халқының денсаулығын деген үлкен ғылыми тақырыппен айналысып жүр. Компьютерлендірілген кластар, профилакторийлар, спорт, демалыс базалары студенттердің жан-жақты маман болып шығуына, жақсы тынығып, демалуларына да мүмкіндік береді. Бұлардың бәрі де академия қаржысымен жабдықталып, әлі күнге солайша ұсталып келеді.

Негізі 50-жылдарда қаланған медициналық институт та 70-80-ші жылдары өсіп-өркендеді. Осы оқу орнының аяғынан қаз басып тұруына, оның білікті маман-дәрігерлер

даярлауда жоғары табысқа жетуіне институттың алғашқы ректоры Петр Поспеловтың сіңірген еңбегі үлкен. Орталық Қазақстандағы осы оқу орнын басқарған ширек ғасырға жуық, мерзім ішінде ол Қарағанды медицина институтын республикамыздағы алдыңғы қатарлы медицина мамандарын даярлайтын іргелі оқу орнына айналдыра білді. Институт мамандары тек білікті дәрігерлер даярлап қана қоймай, Қырым мен Кавказдың шипалы курорттарына пара-пар жергілікті іргелі емдеу-сауықтыру орындарын да ашуға ықпал ете білді. Жер асты пайдалы минералды сулары мен емдік к.асиеті бар саздарды тиімді пайдалана отырып облыс аумағында Жосалы, Шалқия тәрізді шипажайлардың өмірге келуіне мұрындық болды. Қарағанды медицина институтының түлектері республика түгілі, бұрынғы Одақ бойынша жоғары бағаланды. Себебі, мединститут өзі алғаш ашылған кезден бастап адам жанының арашашыларына терең білім мен жақсы тәжірибе беруді қамтамасыз етті. Сондықтан да болар, бұл күнде алыс және жақын шетелдерде жемісті қызмет атқарып жүрген Қарағанды мединститутының түлектері аз емес.

Әдебиеттер:

- Абдолла Қ. Медиктер мерейленді //Орт.Қазақстан.- 2008.- 14 ақпан.-1 б.
- Алиакпаров М. Денсаулықтың, зор байлықты» ордасы: ҚММА-ның ректоры М.Алиакпаровпен әңгіме / Әңгімелескен А.Тұрмағамбетова// Орт. Қазақстан.- 2000.-4 қазан
- Алпысұлы С. Шапағат // Орт.Қазақстан.- 2001.-3 қараша
- Алыршиков В. Баянды байланыс орнатпақ. // Орт. Қазақстан.-1992.- 11 қараша
- Әбеуов М. Қоғамның басты байлығы - адам: Хирургия кафедрасының меңгерушісі М.Е.Әбеуовпен сұхбат /Сұхбаттасқан Ғ.Смағұлов // Орт.Қазақстан.- 2002.-13 сәуір
- Әлиакпаров М. Жауыр атқа қамшы сабы да ауыр // Замандас.- 1991.- 11 қазан
- Әлияқпаров М.Т. Мақсат - білікті маман даярлау: ҚММА ректоры М.Т.Әлияқпаровпен сұхбат /Сұхбаттасқан Д.Мақаш // Орт.Қазақстан.-2001.- 2 маусым
- Әлияқпаров М., Тәменов А. Жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысының бағыт-бағдары қандай болмақ? // Шипагер.- 1994.- 20 шілде.
- Әшімұлы Б. Академиядағы алқалы жиын: конференция // Орт.Қазақстан.-2005.- 27 қазан.-9 б.
- Әшімұлы Б. Ғалымның тойы- халықтың тойы: [Профессор Қ.Ж.Мұсылманбековтің 70 жасқа толған мерейтой кеші] // Орт.Қазақстан.-2004.- 25 қараша.-12 б.
- Балташұлы Е. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек:// Орт.Қазақстан.- 2004.- 13 наурыз.-5 б.
- Жанғожин А. Республикадағы екінші: Қазыналы қарашаңырақ /А.Жанғожин, Е.Лұқпан //Орт.Қазақстан.- 2004.- 17 қаңтар.-7 б.
- Жұмыш Қ. Алпыстың асуына шықты Ерекең!:// Азия Транзит.- Қарағанды, 2004.- №8.-40-41 б.
- Ермекбаев Т. Бізде де академия бар: /ҚММА-ның ректоры М.Т.Әлиакпаровпен сұхбат// Орт. Қазақстан.- 1997.- 5 наурыз
- Имаш Е. Академияның тұсаукесері // Орт. Қазақстан.- 1997.- 2 сәуір
- Имаш Е. Ордалы оқу орны: Академия болғанын атап өтті // Орт. Қазақстан.- 1997.- 5 сәуір
- "КТМА-Елрово" көш бастаушылар қатарында // Орт.Қазақстан.- 2000.-5 қаңтар
- Қалымбай Е. Медицина академиясында өз емханасы болады // Орт.Қазақстан.- 2006.- 16 ақпан.-5 б.
- Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының I курсына 1997-98 оқу жылына студенттер қабылдаудың жалпы ережелері // Шипагер.- 1997.- 16 маусым
- Қарағанды облысы: [кітап-альбом] / құраст. В.Петухов ; қазақ тіліне аударған М. Хасен ; ағылшын тіліне аударған А. Аяпбекова.- [Қарағанды]: ТАиС, 2006.- 283 б.: фото

- Қауысов Б. Қазақстан Қарағанды дәрігерлеріне зәру // Орт. Қазақстан.- 2004.- 16 наурыз.-5 б.
- Құлқыбаев Ғ. Институтқа мәңгі қарыздармын// Орт. Қазақстан.- 2000.- 4 қазан
- Құрманғалиқызы А. Академия асқан асулар: ҚММА – 50 жылдық мерейтойы туралы // Орт. Қазақстан.- 2000.-7 қазан
- Құрманғалиқызы А. Аты аңызға айналған дәрігер // Орт.Қазақстан.- 2002.- 1 қаңтар
- Мақашев Д. Медицина қазақша сөйлейді: Институт коллективінің бұған деген сенімі зор // Орт. Қазақстан.- 1991.- 14 ақпан
- Мамыр Б. Шипагерлер ордасындағы шаттық: ҚММА-50 жыл / Б.Мамыр, С.Юсупова// Сана.- 2000.- 12 қазан(№39).-2 б.
- Медицина институты. // Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 397-398 б.
- Медицина академиясы //Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 402 б.
- Медакаемиядағы былық пен шылық: облыстық прокуратурада //Орт.Қазақстан.- 2005.- 3 қыркүйек.- 3 б.
- Мұхамеджанов, К.Е. Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының оқытушылары мен студенттеріне // Орт. Қазақстан.- 2000.- 4 қазан
- Нұрпейіс Қ. Алғашқы түлектер едік: ардагер сөзі // Орт.Қазақстан.- 2005.- 12 қараша.- 8 б.
- Сексенұлы С. Ж.Досқалиев: "Қарағанды қашанда медицина орталығы болған"// Орт. Қазақстан.- 2002.- 14 қыркүйек.-2 б.
- Сексенұлы С. Сегіз қырлы, бір сырлы // Орт.Қазақстан.- 2002.- 9 қазан.-13 б.
- Тәмен А. Дәрігерлердің ұстазы// Орт. Қазақстан.- 2001.- 20 маусым
- Тәткеев Т. Өмір - тілек: Қарағанды ғалымдары // Орт.Қазақстан.- 2006.- 16 қараша.-8 б.
- Халиолла М. Жақсы қасиет ұстаздан жұғады: жақсының жүзі жарқын //Орт.Қазақстан.- 2006.- 18 ақпан.-10 б.
- Хамзин Ш. Қолы - жеңіл, емі шипалы // Орт.Қазақстан.- 2002.- 19 маусым

Қыркүйек 2005 – Ұлытауда «Қазақстан мемлекеттігінің тұтастығы мен халықтар бірлігі» монументі орнатылғанына 5 жыл



Ұлытау ауданында орнатылған монумент Қазақстан мемлекетінің тұтастығы мен халықтар бірлігінің белгісі болып табылатын ескерткіш.

Ол Қазақстанның тәуелсіздігі мәңгілік ел екендігін; тамыры терең тарихын, соның ішінде көшпенділер тарихы мен мәдениетін; халқының, жерінің мәңгілік бірлігі мен татулығын; қазақ халқы үшін Ұлытаудың алатын тарихи орнын; еліміздің бүгінгі бірлігі мен тұтастығын; болашаққа деген ұмтылысын көрсетуде. Қолдан жасалған қырат үстіндегі монументтің өзі дүниенің төрт құбыласына бет беріп, аспанға шаншылып тұрған 4 стильдік арғымақ сұлбасынан құралған. Оларды Күн символы – шаңырақ тұтастыруда. Монумент тұғырының өзі сонау сақтар дәуірінен бізге жеткен күнтізбенің негізінде жатқан, адамдар мен мемлекеттер өмірінің мәңгілік қозғалысын бейнелейді. Сондықтан, бүгінгі таңда маусымдардың ауысуына қатысты және өмірдің қозғалысын білдіретін барлық аса ірі күнтізбелік мерекелер ұлттық, сенімдік ерекшеліктерге, қоғамдағы жағдайына қарамастан, барлық халықтарға ортақ болып табылады және баршаны біріктіреді. Күнтізбе аспан шырағы Күннің қозғалысына байланысты пайда болған. Адамдар құдай деп табынған Күн көне түрік әфсаналарында Көк Аспан Тәңірі мен Жер-су ананың ұлы болып сипатталады. Екеуінің арасында шыр айналып дөңгеленген Күн болмаса, Жер бетінде тірлік те болмас

еді-мыс. Жылқыны қолға үйреткен сәттен бастап, біздің дәуірімізден бұрынғы 2 мың жылдан бергі мезгілден бастап қанатты арғымақ - Күннің символы, адамзат қозғалысының негізгі құралы. Сенім мен достықтың, жылдамдық пен қуаттың, береке мен бірліктің белгісіндей қанатты арғымақ пен күн бейнесіндегі шаңырақ Қазақстанның елтаңбасында негізгі рәміздік бейне ретінде пайдаланылған. Монументтің табанын өрнектеуге қолданылған алуан түсті тастар мәңгіліктің белгісін – сынып түскен күн сәулесін сипаттап, ортаға, бірлікке ұмтылады. Аспан мен күнді, өмір мен жарасымды, махаббат пен достықты бейнелеп тұрған шаңырақтың ұстыны – металл құрылым қазақ киіз үйінің керегесін еслестетеді. Алаңның дәл ортасындағы, елдің бірлігі мен мызғымастығын, қуатын көрсететін тас діңгекке қазақ даласы мен әлемнің ұлы перзенттерінің аталы сөздері ойылып жазылмақ. Қазақ киіз үйіндегі ошақтың тасы тәрізді ол біздің ортақ үйіміздегі - Қазақстандағы шуақ пен шаттықты сақтайды, оның географиялық һәм тарихи-мәдени орталығы болып табылатын Ұлытаудың маңызын сипаттайды. Осы орталықтан дүниенің төрт бұрышына қарай басталатын саты кетеді. Бұл қазақ мемлекеттігінің негізіне демократия принциптері жатқандығын айғақтайды.

Монументтің авторы – Алматы қаласындағы «Күмбез» жобалау-қалпына келтіру фирмасының директоры Тимур Төреқұлов. Монументті салуға жұмсалған 40 миллион теңге республикалық бюджеттен бөлінді.

Монумент Ұлытау ауылына жақын Айыртау бөктеріне 1992 жылы қойылған Айыртау белгі тасына таяу, қолдан үйілген биік белге орнатылды.

Қыркүйек айының 15 жұлдызында Ұлытауда Қазақстан мемлекетінің тұтастығы мен халықтар бірлігі монументінің ашылу салтанаты өтті. Республикалық деңгейде өткен тарихи-мәдени шараларға елімізге танымал ғалымдар, қоғам қайраткерлері мен өнер тарландары қатысты.

Әдебиеттер:

Асантегі Т. Бірлік! Тұтастық! Ынтымақ! // Сарыарқа.- Жезқазған, 2005.- 21 қыркүйек.- 1,2 б.

Бек Б. Ұлытауда - елдіктің, бірліктің белгісі // Жезказганская газета.- 2005.- 10 авг.- С.3

Белгібай І. Ұлт бесігі - Ұлытаудағы ұлылықты ұлықтаған ұлы той // Шарайна.- Сәтбаев, 2005.- 17 қыркүйек.- 1,2 б.

«Қазақстан мемлекеттігінің тұтастығы мен халықтар бірлігі» // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 321 б.

Қожахметов Б. Киелі мекен – Ұлытау // Орт.Қазақстан.-2009.-6 шілде.- 4 б.

Несіпбай А. Ұлытаудың асқақ рухы: [ескерткіш ашылуына орай] // Егемен Қазақстан.- 2005.- 20 қыркүйек.-8 б.

Оразбай Е. Қазақстан мемлекетінің тұтастығы мен халықтарының бірлігі монументі: мәдени мұра // Орт.Қазақстан.- 2005.- 30 тамыз. -5 б.

Отарбаев Қ. Ұлт бірлігіне арналған Ұлы той // Нұра.- Киевка, 2005.- 24 қыркүйек.- 1 б.

Рахұлы А. Ұлы даланың Ұлытауын ұлықтаған той: мәдени мұра // Орт.Қазақстан.- 2005.- 20 қыркүйек.- 2 б.

Рахұлы А. Ұлытауда ел бірлігінің монументі ашылды// Орт.Қазақстан.- 2005.-17 қыркүйек.- 1 б.

Тортаева Л. Ұлытауда монумент көтерілмекші // Шарайна.- Сәтбаев, 2005.- 10 тамыз(N92).-2 б.

1 қазан 1945 - Теміртау қаласының құрылғанына 65 жыл, 3 шілде 1960 - Қарағанды металлургия заводының 1 - домнасы іске

қосылып, алғашқы Қазақстан шойыны алынғанына 50 жыл



Қала шежіресі 1905 жылдың маусымынан – ішкі Ресей тұрғындарына империяның қиыр шеттерінен 15 десте жер алуға мүмкіндік берген Столыпін жарлығы бойынша Самар губерниясынан шыққан 40 отбасының Нұраның солтүстік жағасына келіп түсуінен басталған еді. 1906-1921 жылдар аралығында Қазақстанның солтүстік және орталық облыстарына 400 мыңнан астам отбасы – орыстар, украиндер, немістер көшіп келді. Көшіп келгендер өз поселкелерін Нұраның оң жағасында тұрған жотаның атымен Жаур деп атады. Көшіп келгендер байырғы тұрғындарды өздерінің заңды жерлерінен, қазіргі Самарқан су қоймасы тұрған өзен аңғарынан ығыстырып шығарды. Олар ежелгі дәуірден бері көшпелі қазақтардың малжайылымы алқаптары болатын.

1909 жылы Жауыр поселкесі Самарқан деген атауды иеленді.

Бірте-бірте Самарқан поселкесінде екі көше – Нұра және Колхоз көшелері пайда болды. 1911 жылы алғашқы мектеп пен аурухана ашылды. Сол жылы поселкеде 84 үй болып, 583 адам өмір сүрді.

Самарқан поселкесінің одан әрі алғашқы су құбырына, су қоймасына және алғашқы су электр станциясына байланысты болды. Жедел дамып келе жатқан Қарағанды көмір бассейніне су мен электр қуатының жетіспеуі аталған объектілерді салуға ықпалын тигізді. 1932 жылдың наурызында ұзындығы 38 шақырымдық Самарқан-Қарағанды су құбыры тартыла бастады. Жыра қазу және топырақ төсеу жұмысына күн сайын 7 мыңға жуық адам, оның ішінде шахтерлер де шығатын. 1933 жылы су жолының құрылысы аяқталды. 1934 жылы тоған мен су қоймасын салу жобасы бекітілді. 1939 жылдың шілдесінде биіктігі 20, ұзындығы 300 метрлік тоған құрылысы тәмамдалды. Самарқан су қоймасына су толтыру басталды. Крестовка поселкесі мен жұмысшылар қыстағы су қоймасының қазіргі табанынан көшірілді. Ұзындығы 20, ені 6,5 шақырымдық, ең терең жері 17 метрге жететін Самарқан су қоймасын толтыру 22 жылға созылып, 1961 жылы ғана аяқталды.

Қала тарихының келесі тарауы ҚарГРЭС – 1 құрылысына байланысты. Электр станциясын салу 1934 жылы басталып, тек Ұлы Отан соғысы жылдары ғана соңына жетті. Оған Донбастағы Штеров ГРЭС мамандары мен жабдықтарының майданынан алыстағы тылға әкелінуі себеп болды. 1942 жылдың қазанында ҚарГРЭС–1-дің алғашқы трибунасы ток бере бастады.

1945 жылғы 1 қазанында Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президумының Жарлығымен Самарқан поселкесі Қарағандының қала аймағы құрамынан шығарылып, Теміртау қаласы болып құрылды. Бұл атау қала өнеркәсібінің болашақта мемлекетке тау-тау болат пен темір беретінің аңғартқан үмітпен қойылған еді. Бұл кезде жас қала Теміртауда 20 мыңдай халық тұратын. Ол тозаңы шыққан поселкеден өндірісі дамыған қалаға айналған болатын.

Қалада 18 ірі, 79 орта, 1 мыңнан астам шағын кәсіпорын бар. Ірілері «Арселор Стил Теміртау» АҚ, «Централ-Азия Цемент» АҚ, «Алаш» ЖАҚ, Химия-металлургия зауыты, «Техол» АҚ, «Бидай-Нан» АҚ т.б. Қалада жалпы білім беретін 30 мемлекеттік, 4 мектептен тыс мекеме, 4 жеке меншік мектептен тыс мекеме, 17 емдеу-профилактика, 11 мәдениет мекемесі, 4 үлгілі және 3 халықтық ұжымдар бар. Теміртау – ірі білім ордасы, мұнда Қарағанды металлургия институты, политехникалық, медицина, музыка колледждері, ҚарМУ колледжі, Қазақстан-Ресей университеті филиалы, 3 кәсіптік мектеп, коммерциялық лицей білім береді. 46 дене шынықтыру ұжымдары, спорттың 33 түрімен айналысады, 215 спорт ғимараттары, соның ішінде 3 стадион, 4 жабық жүзу бассейні, Мұз спорт сарайы, есу базасы бар.

Бүгінгі металлургия комбинатының ізашары болып есептелетін Қазақ металлургия заводы Ұлы Отан соғысы жылдарында салынып пайдалануға берілген болатын.

1942 жылдың басында Қарағандыдан 40 шақырым тұратын Самарқанд поселкесінің жанынан “Жергілікті темір қалдықтарының ресурстары негізінде домна процесінсіз қайта өңдеу заводын салу” ұйғарылған еді. Көктемде завод құрылысының басқару-ұйымдастыру жұмыстары басталып, тамызда Қара металлургия Халкоматы жобалық тапсырманы бекітті, ал осы жылдың қазан айында жылына 105 мың тонна болат және 119,5 мың тонна прокат шығаратын жобалық қуаты бар Қазақ металлургия заводының құрылысы жөніндегі бас жоспарға қол қойылды.

1944 жылдың басынан бастап завод цехтары бірінен кейінен бірі іске қосыла бастады. Осы жылдың 31 желтоқсанында 35 тонналық мартен пеші тұңғыш балқыма берді. Осылайша Қазақстанның алғашқы болаты дүниеге келді.

Көлемі 1513 шаршы метр алғашқы домна пешін салу 1957 жылы желтоқсанда қолға алынған еді. **1960 жылдың 3 шілдесі** Теміртау мен облысымыздың, тіпті кең байтақ еліміздің тарихында алтын әріптермен жазылып қалды. Иә, бұл күні **Қарағанды металлургия заводында №1 домнадан тұңғыш шойын қорытылып**, экономикамыздың өркендеуіне үлкен мүмкіндік ашылды. Сол тұңғыш домнаның құрылысына, алғашқы балқымасын алуға тұңғыш Президентіміз құрылысшы, шойыншы ретінде қатысқан еді. Бұл айтулы күн бүгінгі Қарағанды металлургия комбинатының күні болып саналады. Осы жылдың қараша айында алғашқы кокс батареясы пайдалануға беріліп, бір айдан соң қазақстандық тұңғыш кокс те дүниеге келді.

1970 жылы Қарағанды металлургия заводы негізінде Қарағанды металлургия комбинаты құрылды. Оның құрамында Атасу (темір марганец рудалары) және Оңтүстік Топар (флюсті әк тастар) кен басқармалары, Алексеевка доломит карьері және Қазақ металлургия заводы – бүгінгі сортты прокат өндірісі енді.

Қарағанды металлургия комбинаты бүгінде нарық заманына бейімделген ірі «Арселор Миттал Теміртау» АҚ (“Испат Қармет” акционерлік қоғамына) айналды, сөйтіп бір кезде кетеуі кеткен өндіріс жанданып қана қоймай жыл сайын өркендеп келеді. Комбинаттың құрамына Қарағандының шахталары мен электр станциялары да енді.

Әдебиеттер:

Ақын А. Жауыртау етегіндегі толқу: Теміртау - 60 жыл /А.Ақын, Е.Лұқпан // Орт.Қазақстан.-2005.- 28,30 шілде.-4,5 б.,- 2 тамыз.-3 б.

Ақын А.Қаламгерлердің Теміртауға сапары: Теміртау қаласына - 60 жыл // Орт.Қазақстан.-2005.- 12 ақпан.-4 б.

Ақын А. Теміртау туған күнін атап өтті // Орт. Қазақстан.- 2003.- 30 қыркүйек.-3 б.

Ақын А. Теміртау 60 жылдығына әзірлікті бастап кетті // Орт. Қазақстан.- 2004.- 6 наурыз.-7 б.

Ақын А. Теміртаудағы тұрғын үй құрылысы: Теміртауға- 60 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 19 шілде.-5 б.

Алдашева Р. Елім гүлденсін десең, еңбек ет- дейді Тілеш ақсақал: Теміртауға 60 жыл //Теміртау.- 2005.- 25 тамыз.- 4 б.

Алтайбаева С. Ардагерлер әрдайым есте: Теміртауға60 жыл // Теміртау.- 2005.- 14 сәуір.-2 б.

Алтайбаева С. Еңбекпен өрілген өмір: Теміртауға 60 жыл // Теміртау.- 2005.- 21 сәуір.-4 б.

Әзиев Ә. Алатаудан ұшқан ақиық: [Н.Назарбаев туралы] // Орт.Қазақстан.- 2001.-8, 12 желтоқсан

Байсерікұлы Е. Тарих осылай жазылады: Теміртауға 60 жыл // Теміртау.- 2005.- 24 наурыз.-4 б.

Балташұлы Е. Жарқырайды Теміртаудың оттары: Теміртау қаласы туралы // Орт. Қазақстан.- 2002.-9 ақпан

Бариев Ә. Жарқырайды Теміртаудың аттары: /Теміртау жайлы/ // Лениншіл жас.- 1972.- 1 тамыз

- Брагин А. Теміртау – болат қаласы // Алтыншы бесжылдықтың Қазақстандағы жаңа құрылыстары.- Алма-Ата, 1957.- 33-46 б.
- Бейсенов С. Дәулетіне сәулеті сай: Теміртау қаласы // Орт. Қазақстан.- 1982.- 1 мамыр
- Бекбергенов Қ. Жас қала жайнап келеді: /Теміртау қаласының экономикасы мен мәдениеті/ // Орт. Қазақстан.- 1967.- 29 сәуір
- Ермоленко А. Өскеген қала – Теміртау // Орт. Қазақстан.- 1967.- 15 қыркүйек
- Жанғожин А. Теміртау: /Қаланың өсуі жайлы/ // Орт. Қазақстан.- 1975.- 1 қазан
- Жаңа кітап жарыққа шықты: сүйінші! // Теміртау.- 2005.- 6 қазан.-2 б.
- Жауыртаудан басталған шежіре // Магнитка.- Теміртау, 2005.- 31 марта (N12).-С.2
- Иванова Е. Жапанда құйын кезген, боран буған: Теміртауға 60 жыл // Теміртау.- 2005.- 8 қыркүйек.- 3 б.
- Карабалин Ә. Жарты ғасырлық жарқын жол: Теміртау қаласына – 50 жыл // Орт. Қазақстан.- 1995.- 28 қыркүйек
- Карабалин Ә. Металлургтер қаласының мерейтойы: Теміртауға-55 жыл // Орт. Қазақстан.- 2000.-4 қазан
- Қыдыр қонып, құт дарыған Теміртау қаласы 60 жылдығын тойлады // Теміртау.- 2005.- 6 қазан.-1,2 б.
- Құрманғалиев Ф. Көрме көңілден шықты: /Теміртау қаласының бүгінгісі мен ертеңгісін бейнелеген фото-көрме туралы/ // Орт. Қазақстан.- 1966.- 4 қыркүйек
- Лұқпан Е. Алғашқы түрен тартқандар: Теміртауға 60 жыл / Лұқпан Е., Ақын А. // Орт.Қазақстан.- 2005.- 3 наурыз.-3 б.
- Лұқпан Е. Алып өмірге осылай келді: Теміртауға- 60 жыл /Е.Лұқпан, А.Ақын // Орт.Қазақстан.- 2005.- 16 маусым.-5 б.
- Лұқпан Е. Бүкілодақтық екпінді құрылыс: Теміртау қаласына - 60 жыл / Лұқпан Е., А.Ақын // Орт.Қазақстан.- 2005.- 9 маусым.- 7 б.
- Лұқпан Е. Қаланың бас жоспары: Теміртауға- 60 жыл /Е.Лұқпан, А.Ақын // Орт.Қазақстан.-2005.- 9 сәуір.-4 б.
- Лұқпан Е. Қуанышқа бөлеген миллиондар: Теміртауға- 60 жыл / Лұқпан, Е.; А.Ақын // Орт.Қазақстан.- 2005.- 22 қыркүйек.- 7 б.
- Лұқпан Е. Құрыш қала шежіресі: Теміртауға 60 жыл /Е.Лұқпан, А.Ақын // Теміртау.- 2004.- 30 қыркүйек.-5 б., 7,21,28 қазан.-5 б., 4,11,25 қараша.-5 б., 2, 9,16,23,30 желтоқсан.- 5 б.
- Лұқпан Е. Құрыш қала шежіресі: Теміртауға 60 жыл /Е.Лұқпан, А.Ақын // Теміртау.- 2005.- 6,13,20,27 қаңтар.-5 б., 3,10,17 ақпан.-5 б., 10,24,31 наурыз.-5 б., 14,21,28 сәуір.-5 б., 19,26 мамыр.-5 б., 2,9,16,30 маусым.-5 б., 7,14,21,28 шілде.-5 б.
- Тәттімбет (Будут звучать в веках).- Қарағанды: Полиграфия, 1993.- 109 б.
- Тәттімбет. Сылқылдақ: (қазақ халық аспаптары оркестріне арналған партитура) / Тәттімбет; Тәттімбет; Күйлерді өңдеп, оркестрге түсірген Ә. Шоқанбаев.- Қарағанды: [б.ж.], 2004.- 108 б.
- Тәттімбет Қазанғапұлы: (1815-1862) // Орт. Қазақстан.- 2001.-31 қазан
- Тәттімбет Қазанғапұлы // Қазақ ССР. 4 томдық энциклопедия. Т 4.- Алматы, 1989.- 565 б.

- Тәттімбет Қазанғапұлы // Қарағанды.Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 532 б.
- Тәттімбеттің туғанына 175 жыл. // Ленин туы.- 1990.- 4 тамыз
- Тәукейұлы Ы. Тәттімбетке тағзым //Орт.Қазақстан.- 2005.- 10 қараша.-16 б.
- Тоғжанов, Е.Л. Атамекен: Оқу құрал / Е.Л.Тоғжанов, Т.Т.Аршабеков.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 324 бет.
- Тойбек Ж. Шертпе күйдің атасына арналды: Тәттімбеттің туғанына - 190 жыл // Орт. Қазақстан.- 2005.- 3 қараша.-11 б.
- Тоқтамысов Т. Тәттімбет және оның мұрагерлері// Орт. Қазақстан.- 2000.-27 желтоқсан
- Тоқтаған А. Күй аңыздары мен мектептері // Ана тілі.- 2004.- N11. -6 б.
- Төкешев Н. Жазушы Жайық Бектұровқа ашық хат: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл //Ленин туы.- 1990.- 17 шілде
- Төкешев Н. Кемел күйші Омбыдағы қабылдауда: /Т.Қазанғапұлының 175 жыл толуына// Ленин туы.- 1990.- 29 қыркүйек
- Төкешев Н. Күй күмбезі // Орт. Қазақстан.- 1990.- 3 тамыз
- Төкешев Н. Тәттімбет Омбыда // Орт. Қазақстан.- 1990.- 7 қазан
- Төкешев Н. Халық композиторы Тәттімбет // Ленин туы.-1990.- 21 шілде
- Тұралықызы Т. Сарыарқаны күйімен құмбірлескен: Ұлы күйші Тәттімбеттің туғанына 190 жыл //Дала мен қала.- 2005.- 2 желтоқсан(N48).-8 б.
- Тұрсынбаев Б. Тәттімбеттің бас сүйегін Шаяхметов қана біледі // Жас Алаш.- 2002.- 14 наурыз(N31).-7
- Түсіпбеков Т. Деректі кітап шығару қажет: Т.Қазанғапұлының туғанына 185 жыл толуы қарсаңында // Сарыарқа.- 1999.- 18 қыркүйек
- Түсіпбеков Т. Кемеңгердің көлеңкесі де ыстық // Ленин туы.- 1990.- 28 шілде
- Түсіпбеков Т. Тәттімбет: Деректі повесть.- Қарағанды, 1993.- 110 б.
- Түсіпбеков Т. Тәттімбет - бәрімізге тән тұлға: тілек // Жаңа жол.- Киевка, 1993.- 16 қаңтар.-3 б.
- Түсіпбеков Т. Тәттімбет - «Саржайлау» // Ленин туы.- 1990.- 11 қаңтар
- Түсіпбеков Т. Тәтті күйдің атасы - Тәттімбет: [Тәттімбет күйлері туралы] // Азия.- Тразинт 1993.- № 41.-қазан. -8 б.
- Түсіпбеков Т. "Тірілтіп Тәттімбеттің он саусағын": Тәттімбет атындағы өлкетану мұражайының меңгерушісі Т.Түсіпбековпен әңгіме /Әңгімелескен Ж.Райымбекқызы // Орт.Қазақстан.- 2005.-1 қаңтар.-13 б.
- Түсіпбеков Т. Шертпе күйдің атасы // Сарыарқа.- 1994.- №5.-3-15 б.
- Тілеухан Б. "Қазақтың қаны-қобыз, жаны-домбыра":ҚР парламенті Мәжілісінің депутаты, әнші Б.Тілеуханмен сұхбат /сұхбаттасқан Т.Майбас // Орт.Қазақстан.- 2004.- 2 желтоқсан.-3 б.
- Тілеухан Б. Шертпе күйдің дәстүрін жалғастыру -парыз: Респ. мәдениет комитетінің төрағасы Б.Тілеуханмен әңгіме /әңгімелескен С.Сексенұлы //Орт.Қазақстан.- 2001.-31 қазан
- Ысқақов Б. Тәттімбеттің тәтті күйлері // Дала мен қала.- 2005.- 18 қараша(N46).-16 б.
- Ізтілеуов С. Қазанғап күйлерінің көркемдік диапазоны кең.: Тәттімбет атын. академиялық аспаптар оркестрінің артисі, күйші С.Ізтілеуовпен әңгіме /Әңгімелескен Т.Бейсембек // Орт.Қазақстан.- 2002.-13 наурыз
- Янушкевич А. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар.- Астана: Аударма, 2003.- 264 б.- (Тарих. Таным. Тағдыр)

Төрөбайұлы Қыздарбек 1850 жылы туған. Арқадағы шертпе күйдің атақты шебері. Шет ауданының түлегі, Арғынның Қаракесек руынан. Әкесі Төрөбай орта шаруа иесі болған. Қыздарбек жастайынан өнер соңына түсіп, ел аралап, күй өнерін жоғары сатыға көтерген шебер орындаушыдан парасатты күйшіге жеткен. Арқа өңірінің күй атасы атанған қарт күйші Итаяқтан бата алған. Қыздарбектің тек аршадан ғана құрастырылып жасалған домбырасы 1934 жылы Тасаралда қайтыс болған Қажыкей дейтін ұлының қолында сақталып келген. Қыздарбек күй арқылы Итаяқпен қағысып, Тоқа Шоңманұлымен өнер жарыстырған. Қыздарбектің «Сылқым қыз» күйі жеңіл ырғақты болса, «Өткінші өмір» күйі өкінішті арманға толы. «Жұбату» күйі шәкірті Әбдидің жалғыз ұлы қаза болғанда дүниеге келсе керек. Сонда Әбди күйші өзінің «Зар қосбасарын» тартыпты беріпті-міс. Қыздарбектің бірнеше «Қосбасары» бар. Шәкірттері Ақмолда, Сембек, Әбди, Мақаш, Кәрібек, Рысқұлбек, Бегімсал күйшілер.

Әдебиеттер:

- Бекенов У. Күй керуені: оқу құралы.- Алматы: Өнер, 2002.- 144 б.
Бекенов У. Ұлы күйшінің мұрагерлері: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл толуы қарсаңында // Ленин туы.- Егіндібұлақ, 1990.- 30 маусым
Қабылдаұлы С. Алыптардың көзін көрген соңғы тұяқ: өнер жұлдыздары // Орт.Қазақстан.- 2008.- 6 наурыз.-6 б.
Қазақтың шертпе күйлері.- Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006.- 176 б.
Майбас Т. Ұрпағы ұлы күйшіні ұлықтады // Орт.Қазақстан.- 2000.- 6 желтоқсан
Сәдуақасов Д. Шеркөкіректі шертпе күй /әңгімел. Ш.Сатыбалдиева // Қазақ әдебиеті. - 2008. - 5-11 қыркүйек (№ 36). - 14-15 б.
Саяжанқызы М. Шертпе күйдің шебері // Мысты өңір. - 2009. - 6 ақпан (№ 5). - 1 б.
Тоқтамысов Т. Тәттімбет және оның мұрагерлері // Орт.Қазақстан.- 2000.-27 желт.
Тұяқбайқызы Қ. Алыптардың көзін көрген соңғы тұяқ: күй күдіреті // Заман.- Ақсу-Аюлы, 2006.- 14 қыркүйек.-4 б.

1860 – Халық ақыны Нарманбет Орманбетұлының туғанына 150 жыл



Ақындық күдіреті айрықша сөз етуге тұрарлық Нарманбет 1860 жылдың аяқ шенінде Балқаш көлінің солтүстік жағына таман тым ентелеп, жақын келетін Тоқырауынның бойында шұрайлы өңірінде дүниеге келіпті. Оның арғы атасы Арғын руы ішіндегі Дадан Тобықтыға жатады. Әйгілі Кеңгірбай бидің тұстасы Қараменде би оның ең үлкен бабасы боп табылады. Әкесі Орманбет те орақ тілді шешен, білікті би болыпты. Ол Сарыарқадағы көне тайпа Қаракесектен тарайтын Керней елінің Балта-Түйте руына жататын белгілі Бәкі ақынның өнерпаз әнші қызы Балбырауынға үйленген. Одан Нарманбет, Аллаберді, Тілеуберді, Бөден, Қаппар, Қасым, Мұса, Хикмет деген сегіз ұл, Быжыхан, Тауық деген екі қыз туған. Бұлардың ішінде жас қырандай көкке өрлегені Нарекең екен. Болашақ үлкен ақын 12 жасында Қарқаралы қаласындағы екі класты орыс мектебіне оқуға берілген.

Қарқаралыда орысша оқу бітіріп, жастық және жігіттік дәурендерін аса мәнді, қызықты өткізген Нарманбет орыс, шығыс әдебиеттерімен де жете таныс болған. Ол қазақтың бертінгі қызыл қырғында мерт болған айтулы перзенттері, шеттерінен оқыған, ұлттық мақтанышқа айналған зиялылары - Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жақып Ақбаев, Нығымет Нұрмақов, Сәкен Сейфуллин, Сұлтанмахмұт Торайғыров легіне қосылатын ірі тұлға екені даусыз.

Абаймен аталас туыстығы бар, жасынан-ақ зерделік танытқан Нарманбетті әкесі ауыл молдасына беріп, азғантай сауатын ашады. 14 жасында Нарманбет Қарқаралыға барып, ноғай көпесінің үйінде жатып, орысша екі кластық мектепте оқиды. Мұнда бір жылдай оқыған Нарманбет бұдан кейінгі уақытта өз бетімен ізденіп, орысша, мұсылманша мол білім жинақтайды. Өзге елдер ғалымдарының, жазушыларының еңбектерін оқиды. Соның нәтижесінде табиғатынан зерек Нарманбет ел ішіне белгілі шешен атанады.

Нарманбеттің көпке мәлім алғашқы өлеңі 14 жасында жазылған. Әйтсе де оның шынайы ақындық өнер жолына түсуі, Абай поэзиясымен тікелей танысқан, сексенінші жылдардан басталса керек. Ендігі жерде Абай өлеңі Нарманбет үшін бағыт-бағдар берер темір қазыққа айналды.

Ел арасында, әсіресе, Қарқаралы атырабында аты аңызға айналған Нарманбет ақынның есімі күні бүгінге дейін зор құрметпен аталады. Соның да әсері шығар, оның ғажап көркем жырларын егде адамдар жатқа соғады. Рас, қайғы-қасіретпен өткен, ондаған мың боздақтарымыздан айырған кеңес заманындағы тарихымызға ұқыптап зер салсақ, Нарманбет Орманбетовтың бүкіл ақындық қызметіне тиісті дәрежеде баға берілмеді. Артында қалған көптеген өлеңдерінен біздің кеңестік бағыт-бағдарымызға сәйкеспейтін кем-кетіктер "көп" табылып, оны зар-заман ақындарының тобына жатқызды. Отызыншы жылдары мектеп оқулығына аздап кіргенмен, кейін ол орыс халқының ықпалына, оның бодандық саясатына қарсы тұрған ақын ретінде алынып тасталды. Бара-бара қасиетті есімін мүлде өшіртті.

Қалмады, ей Сарыарқа, сенде қызық,
Сандал тау, сары даланы алды мұжық.
Қолынан келер де жоқ, өнер де жоқ,
Баласы байғұс қазақ қалды мыжып, - деген сөздері өзіне үлкен

кесел боп жабысты.

Нарекен қырықтан асып, жер ортасына тақалғанда ақындық шеберлігі барынша шындала түскен. Нарманбет поэзиясында Абай негізін қалаған реалистік ағым әруақытта сезіліп тұрады. Жалпы өмір шындығын, заман құбылыстарын ол да Абайға тән шеберлікпен бейнелеген.

Арғымақтың белгісі -
Айғай шықса қарғымақ!..
Дүбір шықты сарындап,
Қалған өмір тым қысқа,
Артыңа қалдыр бір нұсқа,
Босқа жүрмей дарылдап
Қарап тұрған халқыңды,
Қайратыңа зар қылма.

Оның ағартушылық, гуманистік сипаттағы сөздері өстіп Абай поэзиясымен сабақтасып, тамырласып жатады.

Абайдан 15 жас кішілігі бар Нарманбет ұлы ақынмен Қарқаралыда бірнеше рет кездесіпті деген деректі Арқаның ескікөз қариялары көп айтады. Бұл ретте айтылған жайды ақынның Ақтоғай селосында баяғыдан тұратын аса жақын ұрпақтары Жолдыбай мен Қасым ақсақалдар да растайды.

Абаймен кездесіп, Абайдан үйренген, бойға дарыған мінсіз ақындық шеберлігін барынша шыңдаған Нарманбеттің рухани мұралары жетерлік. 1917 жылы жазған "Жасқаншақ бас" деген өлеңінде:

Адамға абырой мен бірлік керек,
Ұят, нысап, намыс пен тірлік керек.
Ғылым-білім, ілгері басуды ойла,
Еңбек қыл, ерінбестен болып зерек.
Болмайды тағдыр ісін қалай дерге,

Ақ соқпақ адастырмас талай жерге.

Жақсылар, істі түзеп, жұртты күзет,

Бірінді-бірің шауып, талай берме! - деп, төңірегіне ағалық ақыл-кеңес береді". Абай үлгісіне айрықша еліктегені осы өлеңінен де айқын көрінеді. Оның "Зама-на", "Шолпан", "Сахараға қарасак", "Жоқтау", "Олқын-толқын", "Екі ғашық", "Шал қайғысы", "Жар туралы", "Өзіме айтарым", "Соңғы сәлем" және басқа көптеген жырлары тұнып тұрған көркемдік.

Қазан төңкерісінің алдындағы кезеңде Нарманбет біраз жыл өзінің туған өлкесі - Тоқырауын-Балқаш елінде болыстық қызмет атқарыпты. 1917 жылдың наурыз айында Қарқаралының уездік соты болып тағайындалыпты. Алайда, 58 жасында, 1918 жылы күзге салым қылтамақ дертіне душар болып, жарық әлеммен қоштасады.

Әдебиеттер:

Орманбетұлы Н. Сарыарқа // Өмір: әдеби - этнографиялық журнал.- 1992.- №1.- 50-53 б.

Орманбетұлы Н. Кер заман : өлеңдер. - Алматы : Алаш, 2004. - 320 б. - (Алаш мұрасы).

Орманбетұлы Н. Толғауы тоқсан қызыл тіл. Сахараға қарасак. Өлеңдер // Қарқаралы.- 1991.- №1.- 48-62 б.

Орманбетұлы Н. Үміт туралы: Өлең // Орт.Қазақстан.- 1990.- 29 қараша

Орманбетұлы Н. Шығармалары.- Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998.- 356 б.

Ол туралы әдебиеттер:

Айтжанұлы Қ. Көше атуын өзгертті //Балқаш өңірі.- 2001.-27 наурыз

Алпысбаев Қ. Ұлы жырдың ұлағатты өрісі: [...Көкбай, Нарманбет, Шәкәрім ақындарының үндестігі] // Өмір.- 1994.- №3.-115-138 б.

Әбеу Б. Нарманбет ақынға арналды //Орт.Қазақстан.- 2000.-2 желт.

Алпысбаев Ғ Ұлы жырдың ұлағатты өрісі: /...Көкбай, Нарманбет, Шәкәрім ақындарының үндестігі// Өмір.- 1994.- №3.- 115-138 б.

Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: академик Серік Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ / ред. З. Ахметов, С. Қасқабасов. - Алматы : Комплекс, 2002. - 430 б.

Әбдіғазиев Б. Асыл арна [Мәтін] : абай дәстүрі және Шәкәрім. - Алматы : Қазақ университеті, 1992. - 128 б.

Әбдіғазиев Б. Нарманбет ақын. Мұраттану. //Соц.Қазақстан. -1990.- 29 шілде.

Әзиев Ә. Нарманбеттің ақындық құдыреті //Орт.Қазақстан. -1998.- 17 маусым

Әзиев Ә. Ұлы дала ұлағаттары (Абылайханнан Нұрсұлтанға дейін). - Алматы : Санат, 2001. - 344 б.

Қайта жанған жұлдыз: /Н.Орманбетұлының творчествосы жайлы//Қарқаралы.- 1991.- №1.- 31-47 б.

Құсайынов А. Ақтоғайдың төртінші арысы: Мирас // Орт.Қазақстан.-2002.- 25 қазан.- 9 б.

Нарманбет ақынның өлеңдері. // Орт.Қазақстан.- 1992.- 29 қаңтар

Нарманбет ақын Орманбетұлы. Тарихи тұлғалар // Қарқаралы.- 1991.- №1.- 30 б.

Нарманбет Орманбетұлы // Қарағанды.Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 423 б.

Нарманбет Орманбетұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 420 б.

Нұрқанұлы Ж. Нарманбет ақынның соңғы өлеңі // Қазақ әдебиеті.- 1990.- 17 тамыз

Омаров А. Нарманбет ақын: Мұра //Орт.Қазақстан.- 1990.- 3 шілде.

Орынбетов Қ Арқаның ақиық ақыны: /Н.Орманбетұлының өлеңдері/ // Қазақстан әйелдері.- 1992.- №3.-7 б.

Сағымбеков Р. Нарманбет Орманбетұлы: Ақынның 150 жылдың мүшелтой қарсаңында.- 1999.- 26, 27, 28 қараша.

Тапашев М. Ақындар мұрасын зерттеудің қажеттілігі: йтолғақ // Орт.Қазақстан.- 2007.- 19 сәуір.-6 б.

Тоғжанов Е. Л. Атамекен [Мәтін] : оқу құрал / Е. Л. Тоғжанов, Т. Т. Аршабеков. - Қарағанды : Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002. - 324 б.

Туғанбай А. Сөз өнерінің кеніші //Орт.Қазақстан.- 2007.- 8 ақпан.-7 б

1865 - Қазақ халық ақыны, әнші, композитор Шашубай Қошқарбайұлының туғанына 145жыл



Шашубай Қошқарбаев - ән мен жырдың еркесі Біржан сал, Ақан сері, Шөже, Кемпірбай, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Жарлығапберді, Ғазиз, Мәди сынды ақындық, әншілік, орындаушылық яки синкретикалық өнердің иесі. Тіпті қазақ елінің көшпелі театры, дала циркі, қазақ эпосының архиві болған өнерпаз деуге де әбден саяды.

Ол 1865 жылы бұрынғы Қарқаралы уезіне қарасты Балқаш болысында, «Сарышаған» деген жерде туады. Анасы Күнбала: «Атаң Жандабай сынды, аузынан жыры ақтарылған бұлбұл көмей болар ма екенсің?» - деп армандайды екен. Ана арманының ақиқатқа айналғаны ғой. Шашубай он екі жасында сол маңдағы байлардың шашбауын көтеріп жүрген әлде бір ақынсымақ шалмен, он үшінде Жақай, Кенжебала сияқты осы елдің ақын қыздарымен айтысып, ел көзіне ерте түседі.

Шашубай өз заманының өнер қайраткерлерімен, даңқты адамдарымен араласып жүрген. Ол Жетісу елінде Майкөт, Жамбыл, Қуандық, Сарыбас тәрізді арынды ақындарымен сөз бәйгісіне түскен, Шөжеге жолығып, онымен бірге қазақ, қырғыз елін аралады. Осы бір өнер сапарында, Шөженің айтуынан, оның Кемпірбай ақынмен айтысын жаттап алған. Қояндыда Біржан салмен кездесіп, одан мынадай бата алған:

Арқада кім тумаған, өнер кернеп.

Сайрадың сырнайыңды көкке сермеп.

Тартынба, талабыңды тарықтырма,

Айта бер өрістетіп әннен өрнек.

Шашубай Шөже, Кемпірбай, Біржан салдары өзіне ұстаз тұтса, замандастары - Жамбыл, Әсет, Нүрпейіс, Ажар, Қақпан, Естай, Доскейдің де ықпалы аз болмаған.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған мәдени-рухани байлығын емін-еркін игерген, халық жырының мұхитында өскен жел жетпес жүйрік халық әндері мен кисса-дастандарды және толғауларды жатқа білген. «Тоты», «Қамбар батыр», «Ақтамберді», «Сұраншы Бөкей» дастандарын ел ішінде айтып жүрген. Сондай-ақ, Ақтамберді Сарыұлының «Күмбір-күмбір кісінетіп» өлеңін 1940 жылы Ш.Қошқарбайұлының айтуынан С.Мұқанов жазып алған екен. Шашубайдың «Майда қоңыр», «Ырғыма-сырғыма», «Мамық қызға», «Ақ қайың», «Сырлы қайың», «Жамалға», «Кербез кер» және тағы басқа әндері көпшілікке мәлім. Бұл әндерінде махаббат, өнер, табиғат туралы ой шертеді.

Совет өкіметі орнағаннан кейін Шашубай жаңа тақырыпқа көптеген өлеңдер шығарады. Октябрь революциясының жеңістерін, Ленинді, Коммунистік партияны, Отанды жырлайды, Қарағанды, Балқаш жұмысшыларының еңбек өмірін бейнелейді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тың еңбеккерлерін жеңіске жігерлендірген ақындар айтысын бастаушылардың бірі. Ол Көшен Елеуовпен (1943) және Болман Қожабаевпен (1944) айтысты. Онда ақын туған жер тереңінде тұнып жатқан қазына-байлықты тебірене жырлайды.

Шашубай 1909 жылы Жамбылмен, 1928 жылы Жетісудың Қуандық ақынымен айтысқан.

«Шашубай мен қасқырдың айтысында» Шашубай өзін қасқырмен сөз бәсекесіне түсіреді. Бұл - мысал айтыстың аса бір тамаша, шебер, көркем үлгісі.

Ақын өлеңдері кезінде мерзімді баспасөз беттерінде, жалпы жинақтарда жарияланып отырды. 1942 жылы Сағыналі Сейітовтың құрастыруымен «Сөйле Шашеке» атты жинағы шықты.

Өкімет пен партия Шашубай Қошқарбайевтың творчествосын дер кезінде бағалап, оған «Қазақ ССР-ның өнеріне еңбегі сіңген қайраткері» (1941) деген құрметті атағын берді. «Құмет белгісі» орденімен (1945) наградталды. Замандас Доскей Әлімбаев айтқандай, халыққа әнмен өріп, сөз тартқан Шашубай шығармасы толқын-толқын буындардың рухани-эстетикалық нәр алар асыл мұрасы болып қала берері сөзсіз.

Әдебиеттер:

Қошқарбаев Ш. Ақ қайың: Өлеңдер, толғаулар, дастандар, айтыстар.- Алматы: Жазушы, 1984.- 160 бет.: ил.

Қошқарбаев Ш. Ленинге: Өлеңдер // Ақын жырлары.- Алматы, 1958.- 101-109 б.

Қошқарбаев Ш. Мен кімін? Өлеңдер.// Пернедегі термелер: Қазақ совет халық ақындарының шығармалары.- Алматы, 1965.- 246-251 б.

Шашубай мен Болман // Қаһарлы сөз қамал бұзады: Ұлы Отан соғысы кезіндегі ақындар айтысы / Құраст.К.Сейдаханұлы.- Алматы, 1995.- 152 - 168 б.

Шашубай мен Көшен // Қаһарлы сөз қамал бұзады: Ұлы Отан соғысы кезіндегі ақындар айтысы / Құраст.К.Сейдаханұлы.- Алматы, 1995.- 71 – 91 б.

Ол туралы әдебиеттер:

Ақын-жыраулар / Қазақ ССР Ғылым Академиясы.- Алматы: Ғылым, 1979.- 184 бет.

Әлімбаев Д. Кенші жыры [Мәтін] : өлеңдер, ертегі айтыстар / Д. Әлімбаев. - Алматы : Жазушы, 1986. - 107 б. : портр. - 40 с.

Башар Ж. Шашубайдың ескерткіші қайда: Жанайқай // Орт. Қазақстан.- 2000.-26 қаңтар

Бегалин С. Өнер шалқары Шашубай.// Сахара сандуғаштары: Естеліктер мен естігендер.- Алматы, 1976.- 59-71 б.

Екімыңжылдық дала жыры /Бас ред. Ә.Нысанбаев.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000.- 752 бет.

Жетібаева Б. Қала төлқұжатындағы есімдер: Шашубай Қошқарбаев: Жезқазған қаласына - 50 жыл // Сарыарқа.- 2004.- 21 ақпан

Жумкина С.С. Шашубай Қошқарбайұлының әдеби мұрасы және ақындық орта дәстүрі: Автореферат / С.С.Жумкина.- Алматы: б.ж., 2003.- 32 бет.

Жұбанов А. амана бұлбұлдары: Қазақтың әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер. / Жұбанов А.- Алматы: Жазушы, 1975.- 464 б.: суретті

Жүнісұлы О. Жезтаңдай мен қазақтың Шашубайы: Балқаш қаласында Шашубай Қошқарбайұлының 140 жылдық тойы аталып өтті // Орт.Қазақстан.-2005.- 4 қазан.- 9 б.

Қазақ поэзиясының антологиясы: Жиырмасыншы ғасыр жырлайды // Егемен Қазақстан.- 2004.- 30 наурыз.-13 б.

Қашқынов Ж. Шашасына шаң жұқпаған Шашекең: Ақынның 135 жылдығына // Орт. Қазақстан.- 2001.-4 шілде

Қашқынов Ж. Шашасына шаң жұқпаған Шашубай. // Заман -Қазақстан.- 1996.- №36 (қыркүйек)

Қошқарбаев Шашубай // Қарағанды. Қарағанды облысы Энциклопедиясы.- Алматы, 1990.- 359 б.

Қошқарбаев Шашубай // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 378 б.

Негимов С. Айтыстың ақтаңгері: ақын, композитор, әнші Шашубай Қошқарбайұлының туғанына 140 жыл // Қазақ әдебиеті. - 2005. - 29 шілде(N30). - 12-13 б.

Негимов С. «Жезтаңдай мен қазақтың Шашубайың» // Қазақ әдебиеті.-1990.-5 қазан

Негимов С. Қазақтың сал-серілері [Мәтін] : ғылыми эсселер / С. Негимов. - Алматы : Ана тілі, 2005. - 128 б. - ISBN 9965-670-32-3 (мұқ.) : 450 тг.

Негимов С. Өнерпаздық өрнектері: Әдеби мақалалар / С. Негимов.- Алматы: Ана тілі, 1996.- 88 б.

Омарбаев Ә. Шашубай ақын Ленин мавзолейінде: Естелік // Сов. Қарағанды.- 1961.- 22 сәуір

Пернедегі термелер : қазақ Совет халық ақындарының шығармалары / бас ред. С. Мұқанов. - Алматы : Жазушы, 1965. - 396 б. - (мұқ.) : 100 тг.

Семенов Л. Халық ақыны: /Шашубай туралы естеліктен/ // Сов. Қарағанды.- 1961.- 31 наурыз

Смағұлов Ғ. Арқаның ақтаңгер айтыс ақындары: Жезқазғандағы жыр жарысына өрелі өнер өнегесі болса игі...// Орт.Қазақстан.- 2003.- 15 наурыз.-10 б.

Смағұлов Ғ. "Жырыммен жеңісті шындадым" // Орт. Қазақстан.- 2002.- 8 мамыр

Смағұлов Ғ. Отты жылдарда оққа айналған жырлар: Ұлы Отан соғысы жылдары ұйымдастырылған ақындар айтысының 60 жылдығына орай // Орт. Қазақстан.- 2004.- 13 қаңтар.-4 б.

Сматаев С. Сөйле, Шашеке!: Ш.Қошқарбайұлының туғанына 125 жыл // Соц. Қазақстан.- 1990.- 13 қыркүйек

Шашубай Қошқарбаев // Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 4-том.- Алматы, 1989.- 628 б.

1880 - Қазақ халық композиторы, әнші Мәди Бәпиұлының туғанына 130 жыл, әншінің 125 жылдығына арналған I республикалық дәстүрлі әншілер конкурсына 5 жыл (2005)



Қазақ халық ақыны, өнерлі әншісі, дарынды композиторы, Қарқаралыда Совет өкіметін орнатуға белсенді қатысушы Мәди Бәпиұлы Алшынбаев 1880 жылы Ұшқара тауының баурайында дүниеге келген. Мәдидің арғы аталары Қаздауысты Қазыбек, Бекболат, Тіленші, Алшынбай - шешендік өнердің айтулы шеберлері.

Мәдидің әкесі Бәпи шаруасы кем адам болған себепті Мәди жасынан әкесімен бір туысқан Қақабайдың қолында болады. Қақабай Мәдиді баста сылап-сипап баққанмен кейін оны өзінің малайларының қолшоқпарларының бірі еткісі келеді. Мәди оған көнбейтін мінез білдіреді. Қақабайға Мәдидің бұл жәйі ұнамайды. Мәди жасынан әдемі әңгімеге, өлең-жырға, домбраға құмар аз уақыттың ішінде халықтың сүйіктісі болып кетеді. Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Әсет пен Жаяу Мұса, Шөже мен Кемпірбай сияқты саңлақтармен кездесіп, өнер сайысына түседі, олардан өнеге алады. Бұл жағы да Қақабайдың «ішіне жақпайды». Сондықтан Қақабайдың бірінші озбырлық қадамы – Мәдиді Атбасар жағына жер аудартады /кейбіреулер Атбасардың түрмесіне салған дейді/.

1914 жылы Мәди Қарқаралыға қайтып келеді. Ұшқараға келген соң, полицияның және «Қызыл бөріктілердің» жәрдемімен Мәдиді ұстап, сонау алыстағы Қазаланың /Астананың/ түрмесіне жабады. Мәди бұл түрмеде біраз жатып қалады. 1916 жылы Мәди елге қайтып келеді.

1917 жылы Мәдиді тағы да ұстап, қашқын, ұры-қары деп, Қарқаралының түрмесіне жатқызады.

Октябрь революциясын Мәди түрмеде қарсы алады. Түрмеде елін, жерін сағынып, әділетсіз заманға қатты налыған Мәди өзінің атақты «Қарқаралы» әнін шығарды. 1918 жылы Мәдиді түрмеден босатып, ол елге қайтып келеді. Бостандық таңының атуы Мәдиді қатты қуантады, ол күннің енді туғанын біліп, қолынан келгенше Совет өкіметіне жәрдемдесуге бел байлайды. Мәдидің өз атымен аталатын, халық арасында «Мәди» деген атпен жайылып кеткен әні осы тұста шыққан деседі.

Мәди Қарқаралыда Совет үкіметін орнатуға қатысты, Қарқаралының совдепінің мүшесі болып қызмет атқарды. 1919 жылы Айғожа Теміржанов, оның досы Малаев және ақтардың бір бастығы Черпанов Мәдидің көзін құрту талабына мінеді. Ол кезде Мәди қалаларға кетіп, қолдарына түспейді.

1921 жылдың ақпан айының басында Мәди Қарқаралыға келіп, өзінің баяғы жазған арызын уездік мекеменің бір қызметкері оқып отырғанын көріп шошып кетеді. Түрмеге барып, онда жатқан бір кісілерді көруге талаптанады. Бірақ түрме бастығы Мәдиді ұстап алып, Жасанов деген конвойға береді.

Осы жылы ақпанда Мәди Бәпиұлын күндіз сағат 12-де, Қарқаралы қаласында, 5-ші учаскенің бастығы Жасанов атып өлтіреді. Бұл өмірден Мәди 41 жасында кеткен еді.

Мәди қайратты жігін, халық бақыты үшін өмірін күреспен өткізген, еңбекші халықтың жауының қолынан арманда өлген қыршын, артында үлкен көркем ескерткіш қалдырып кеткен ақын, композитор-әнші. Мәди өз шығармаларында әділетсіздікті, бай-феодалдардың зорлық зомбылығын әшкерелеп, халықты әлеуметтік әділдікке, адамдар арасындағы теңдікке әндеді, сол үшін патша өкіметінің қудалауына ұшырады.

Мәдидің «Қаракесек», «Қарқаралы», «Үшқара», «Шіркін - ай», «Сәулем - ай», «Туған ел» тағы басқа да әндері ел арасына кеңінен тараған. Осы әндердің бәрінен замана қиянаты, ақынның өз еліне, өз жеріне деген махаббаты аңғарылып жатады, оның азаматтық болмысы - ақыл парасаты мен адалдығы осы әндерінен айқын сезіледі.

Ал композиторлық өнеріне келсек, Мәдидің «Қаракесегі» «Ер Тарғын» операсында, ал «Шіркін - ай» мен «Үшқарасы» «Қыз Жібек» операсында шырқалады.

Қарқаралы ауданында көше, бұрынғы Қазыбек би ауданындағы үлкен бір іргелі шаруашылық Мәди есімімен аталады. Зиратының басына /Қарқаралы қаласындағы Мәліксай зираты/ ескерткіш - обелиск орнатылған.

Әдебиеттер:

Алшынбаев М. Өлеңдері // Орт. Қазақстан.- 1990.- 4 қараша

Бәпиұлы, М. "Біз-түрмеде..." // Орт. Қазақстан.- 2000.- 26 сәуір

Бәпиұлы М. Өз елім деп келіп едім...: Өлеңдер // Қарқаралы.-1996.- №11-12.- 6-8 б.

Ол туралы әдебиеттер:

Адамбаев Б. Батыр ақын // Орт. Қазақстан.- 1990.- 6 қазан

"Азаттықты ту еткен ардагер": әнші, композитор, ақын Мәдидің туғанына 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 22 ақпан.-8 б.

Айтжанов К. "Сұрасаң руымды...": Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл / Айтжанов, К // Азия Транзит.- Қарағанды, 2005.- N10 (қазан).-30 б.

Ақсұңқарұлы С. Бидайықтың көл жайқаған жалғызы: [М.Бәпиұлы туралы] // Орт.Қазақстан.- 1998.- 31 желтоқсан

Ақсұңқарұлы С. Бояулары көзді арбап, болмысы өзгермеген дүние...: [Ермек Балташұлы мен Сламбек Жұмағалидың "Мәди" спектаклі хақында] // Орт.Қазақстан.- 2006.- 21 қыркүйек.-12 б.

Ақсұңқарұлы С. Қонғаны ауылымның талды-ау деймін // Орт.Қазақстан.- 2001.- 21 ақпан

- Ақсұңқарұлы С. Менің Мәдиім: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт. Қазақстан.- 2005.- 17 ақпан.-9 б.
- Ақын жырлары / Құр. М.Дүйсенов, Е.Ысмаилов.- Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958.- б.
- Ақын-жыраулар / Қазақ ССР Ғылым Академиясы.- Алматы: Ғылым, 1979.- 183 б.
- Алпысұлы С. Халқымен қайта қауышқан Мәди: премьерадан кейінгі ой // Орт. Қазақстан.- 2005.- 13 желтоқсан.-8 б.
- Алшынбаев М. Өлеңдер: М.Бәпиұлының туғанына 110 жыл // Орт.Қазақстан.- 1990.- 4 қараша
- Асқар Н. Ер Мәдидің елінде торқалы той: Мәди Бапиұлының туғанына - 125 жыл // Азия Транзит.- Қарағанды, 2005.- N8 (тамыз).-4 б.
- Әбдіхалықұлы Ә. Жасай бер, Қарақаралы, туған жерім: өлке өрнектері //Қарқаралы.- 2006.- 21 қазан.-6 б.
- Әбілдин Т. Мәди бабамыздың есімін ардақтаудан неге қашамыз?: жазылған жайға қайта ораламыз /Х.Нұрбеков // Орт.Қазақстан.- 2006.- 10 маусым.-4 б.
- Әбілова С. Қарқаралыдан бұлт, Мәдиден қайғы тарқаған күн: [М.Бәпиұлы ескерткішінің ашылу салтанаты] /Г.Жақыпханова; Д.Ыдырысов // Орт.Қазақстан.-2007.- 20 қыркүйек.- 2 б.
- Әзиев Ә. Лашын құс баласы үшін торға түсер: /Қазақ халқының ұлттық мақтанышы, дауылпаз ақын, асқақ әнші, композитор және қол өнерінің тамаша шебері М.Б.Алшынбаев (1879-1921) туралы// Жас Алаш.-2000.-17 желтоқсан
- Әзиев, Ә. Ұлы дала ұлағаттары (Абылайханнан Нұрсұлтанға дейін).- Алматы: Санат, 2001.- 344 бет.
- Әйнекбайұлы С. Мәди атындағы өнер байқауы өтеді: өнер күнделігі // Орт. Қазақстан.-2005.- 23 тамыз.- 8 б.
- Әйнекбайұлы С. Мерекелік маусым ашылды: өнер күнделігі // Орт.Қазақстан.-2006.- 16 қыркүйек.-16 б.
- Балташұлы Е. Бидайықтың көл жайқаған жалғызы // Орт. Қазақстан.- 2001.-21 ақпан
- Балташұлы Е. Буыршынның бұта шайнар азуы: биыл әнші, ақын, композитор Мәди Бапиұлының туғанына 125 жыл толады //Орт.Қазақстан.-2005.- 1 қаңтар.-7 б., Қазақ әдебиеті.- 2005.- N4. -7 б.
- Балташұлы Е. Ердің тойы - елдің тойы: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 12 шілде.-1 б.
- Балташұлы Е. Жанартаудай жойқын күш: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Азия Транзит.- Қарағанды, 2005.- N7(шілде).-13 б.
- Балташұлы Е. "Кем емес еш адамнан салтанатым" // Орт.Қазақстан.- 2005.-1 желтоқсан.-16 б.
- Балташұлы Е. Көкөрім талант көктеп келеді: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл //Орт.Қазақстан.- 2005.- 7 шілде.-7 б.
- Балташұлы Е. Мәдиге тағы "ақ атты...": Мәдиге 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 15 қыркүйек.- 9 б.,Қазақ әдебиеті.- 2005.- 9 қыркүйек.-3 б.
- Балташұлы Е. Мәдитанудың кейбір мәселелері: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл //Орт.Қазақстан.- 2005.- 9 шілде.-5 б.
- Балташұлы Е. Сұрасаң, Мәди еді менің атым: екі бөлімді, сегіз көріністі драма // Орт.Қазақстан.- 2005.- 26, 28 мамыр.-13 б. 2,4 маусым.-10 б.. Азия Транзит.- N8 (тамыз).- 16 б.
- Балташұлы Е. Тәңірінің күні жарқырап, ұйқыдан көңіл ашар көз: Мәди Бапиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 14 шілде.-1,4,5 б.
- Балташев Е. Мәдидің соңғы әні. Жыр дәптерінен // Орт. Қазақстан.- 1983.- 31 желтоқсан
- Бектасов., Адамбаев Б. Мәди: Деректі әңгіме.- Алматы: Қазақстан, 1969.- 148 б.

- Бектасов, Ә. "Қаракесек" әні қашан шыққан: Мұрағат қазынасынан // Абай-Ақиқат.- 2003.- 25 ақпан
- Бектас А. Мәди әндерінің байқауы: Мәди Бапиұлының туғанына - 125 жыл // Сарыарқа.- Жезқазған, 2005.- 5 қазан(N81).-2 б.
- Ботпайұлы С. Өлеңі өз халқындай асқақ Мәди // Замандас. -1994.- 28 қаңтар
- Ғаббасұлы Т. Әшімбек аға орнатқан белгі: жаңғырық// Орт.Қазақстан.- 2005.- 28 шілде.-8 б.
- Ғалымұлы Н. "Қарқаралы", "Ұшқара", "Қаракесек"..: Мәдидің 120 жылдығына // Қарқаралы.- 2000.- 18 наурыз
- Едігин Е. Мәди және азаткерлік музыка: М.Бәпиұлының туғанына 120 жыл толу қарсаңында // Қарқаралы.-1999.-4 қыркүйек
- Екімынжылдық дала жыры / Бас ред.Ә.Нысанбаев.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000.- 752 бет.
- Жақан Ә. Даланың дара перзенті: Мәди Бапиұлының туғанына - 125 жыл // Азия Транзит.- Қарағанды, 2005.- N8 (тамыз).-15 б.
- Жақанов И. Аққулар қонған айдын көл: Деректі әңгімелер, эсселер.- Алматы: Жазушы, 1988.- 208 б.: портр.
- Жақанов И. Айтылмаған ән: /Мәдидің әндері туралы/ // Аққулар қонған айдын көл. - Алматы, 1988.- 163-176 б.
- Жақып-жан Т. Мәдидің көркемдік бейнесі туралы ой-толғау // Қарқаралы.- 2005.- 25 маусым.-3 б.
- Жақыпов Ж. Махамбет пен Мәди; аңсар үндестігі: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл //Орт.Қазақстан.- 2005.- 3 желтоқсан.- 10 б.
- Жақыпханова Г. Әндері көк төсінде қалықтады: Мәди әндерін орындаушылар конкурсы болып өтті // Қарқаралы.- 2005.- 9 шілде.-2 б.
- Жақыпханова Г. Тарихи тұлға тағылымы немесе Мәди бабамыз туралы ғылыми-практикалық конференциядан репортаж: Мәди Бапиұлының туғанына - 125 жыл // Қарқаралы.- 2005.- 9 шілде.-1 б.
- Жәбекұлы Т. Мәдиді атқан тапанша жендет // Қарқаралы.- 2001.- 15 желтоқсан, Орт. Қазақстан.- 2003.- 19 сәуір.-16 б
- Жұбанов А. Мәди. Қаракесек: Ноталар. // Замана бұлбұлдары. - Алматы, 1963.- 160-170 б.
- Жәлел О. Шырқаған әнұраным - Қаракесек // Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 26 қаңтар.-6 б.
- Жәпек М. Жалындап өткен ғұмыр: азаттық жолында алыскандар /М.Жәпек, Е.Балташұлы // Орт.Қазақстан.- 2005.- 16 желтоқсан.-5 б.
- Журналдың жаңа саны // Орт.Қазақстан.- 2006.- 31 қаңтар.-8 б.
- Жұбанов А. Замана бұлбұлдары / Жұбанов А.- өңд., толық., 2-бас.- Алматы: Дайк-Пресс, 2001.- 440 б.
- Жұмағали С. "Ұшқара басы биік мұнар шалған": Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 17 мамыр.-4 б.
- Исабек А. Маған шәрбат көлеңкеңнің самалы: өлеңдер // Жас қазақ үні.- 2002.- 3 мамыр(N17).-6 б.
- Көпжасаров Ж. Мәдиге арнау: Мәди Бапиұлының туғанына - 125 жыл // Қарқаралы.- 2005.- 19 қараша.- 3 б.
- Қажыбай Т. Қоңыр бойы тұнған сыр немесе Мәдидің жүз жасаған жиен келінімен жүздескеде: Мәди Бәпиұлына 125 жыл / Қажыбай, Т. // Қазақ әдебиеті.- 2005.- 29 шілде(N30).-4-5 б.
- Қазақстан өнері: Жылнама- 1980 / Құрастырған Ж.Дәуренбеков.- Алматы: Өнер, 1982.- 104 б.: суретті.
- Қазақ поэзиясының антологиясы: Жиырмасыншы ғасыр жырлайды // Егемен Қазақстан.- 2004.- 30 наурыз.-13 б.

Қарағанды облысы. Қарағанды облыс әкімі. Мәди Бәпиұлының 125 жылдығын және Тәттімбет Қазанғұлының 190 жылдығын мерекелеу туралы: Қарағанды облысы әкімінің өкімі // Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2005.- 23 сәуір.-2 б.

Қарағанды облысы. Қарқаралы аудан әкімі. Мәди Бәпиұлының 125 - жылдығын мерекелеу туралы: Қарқаралы аудан әкімінің өкімі // Қарқаралы.- 2005.- 4 маусым

Қашқынбаев Т. Елі сүйген азамат еді: /Мәдидің туғанына 100 жыл толуына/ // Коммунизм таңы.- 1980.- 27 ноябрь

Қиқымов Т. Мәди туралы бір мағлұмат. Дерек. // Орт. Қазақстан.- 1995.- 19 қыркүйек

Қорабаев Р. Мәди мұрасын мәңгі жасайды // Орт. Қазақстан.-1067.- 27 маусым

Қуанбай А. Ел еркесі - ер Мәди: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.-2005.- 14 мамыр.-9 б.

Құтжанұлы Ә. Найзағайдың жарқылы: әнші-композитор, ақын Мәдидің туғанына - 125 жыл //Орт.Қазақстан.- 2005.- 21 сәуір.-7 б.

Ләмбеков С. Аяулы әнші: М.Бәпиұлының туғанына 100 жыл толуы қарсаңында // Коммунизм таңы.- 1979.- 7 сәуір

Ләмбеков С. Қаракесек: Мәди Бапиұлының туғанына - 125 жыл // Қарқаралы.- 2005.- 18,25 маусым. Қарқаралы.- 2005.- 2,9 шілде.-2 б.

Ләмбеков С. Мәди. // Орт. Қазақстан.- 1964.- 5 шілде

Ләмбекұлы С. Арыстар: Роман.- Астана: Елорда, 2000.- 368 бет.

Ләмбекұлы С. Ақиқаттан аттап өтпейік. Мәди жайында // Орт. Қазақстан.- 1995.- 7 ақпан

Ләмбекұлы С. Мәдидің қазасы: Мәди Бапиұлының туғанына - 125 жыл // Азия Транзит.- Қарағанды, 2005.- N8 (тамыз).-10 б.

Ләмбекұлы С. Тектінің тұяғы еді: [Мәди Бәпиұлы туралы] // Қарқаралы.- 2000.- 24 маусым

Лұқпан Е. Алыс күндер естелігінен: тарихымызды таразыласақ // Орт.Қазақстан.- 2006.- 5,7,9 қыркүйек.-8 б.

Майбас Т. Мәди күндері басталды //Орт.Қазақстан.- 2005.- 26 қараша.-1 б.

Майбас Т. Мәңгілік сенің Мәди атың: премьерә // Орт.Қазақстан.- 2005.- 29 қараша.-8 б.

Мәди Бәпиұлы // Қарағанды.Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 396 б.

Мәди Бәпиұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 400 б.

Мәди мен Мәшһүр - Жүсіп: жаңа кітап // Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 9 қараша (N21).-8 б.

Мәдидің "Қаракесек" әніне клип түсірілді: жағымды жаңалық // Қарқаралы.- 2005.- 20 тамыз.- 1 б.

Мәшһүр Ж. Аман-сау жатырмысың, Мәди батыр: Өле'. // Орт. Қазақстан.- 1990.- 6 қараша

Мерейлі мәдени шара: Мәди Бапиұлының туғанына -125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 6 қазан.- 12 б.

Мұсабекұлы С. Алтын белдік: хикаяттан үзінді // Орт.Қазақстан.- 2005.- 24,26,29 қараша.- 8 б.

Мұстапа Б. Азаттықты ту еткен ардагер // Қарқаралы.- 1996.- №11-12.- 3-5 б.

Мұстафин Е. Мәди жайлы жаңа дерек: Мәди Бапиұлының туғанына - 125 жыл / Мұстафин, Е. // Қарқаралы.- 2005.- 9 шілде.-3 б.

Мұстафин Е. Мәди түнеген үйде туыппын: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл / Мұстафин, Е. // Орт. Қазақстан.- 2005.- 9 шілде.-6 б.

Назаров М. Мәдидің қырғыз еліне сапары: Дастан // Орт. Қазақстан.- 1990.- 22 маусым

- Нәсенев Б. VIII-Бөлім: Сегізінші том. Он екінші кітап : Тәттімбет. Он үшінші кітап : Мәди .- Алматы; Новосибирск, 2005.- 245 б.: фото
- Негимов С. Қазақтың сал-серілері: ғылыми эсселер.- Алматы: Ана тілі, 2005.- 128 б.
- Нығыметжанов С. Ел іші толған естелік: /Мәди Бәпиевқа арналған/ // Орт. Қазақстан.- 1990.- 19 қаңтар
- Омарбекұлы М. Алаш азаматтығының ақиығы: Мәди Бәпиұлының туғанына 120 жыл толу қарсаңында // Орт. Қазақстан.- 2000.-15 қаңтар
- Омарбекұлы М. Биыл Мәди жылы // Қарқаралы.- 2000.-1 қаңтар
- Омарбекұлы М. Қазақ нояндарының соңғы тұяғы немесе қыран тектес қыр перзентінің әдеби бейнесі туралы: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл //Орт.Қазақстан.- 2005.- 2 шілде.-8 б., Қарқаралы.- 2005.- 18 маусым.-5 б.
- Омарбекұлы М. Қыран тектес қыр перзенті немесе Мәдидің әдеби бейнесі: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Қарқаралы.- 2005.- 2,9 шілде.-3 б.
- Омарханов Н. Мәди тойы тарқамайды мәңгілік: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл //Орт.Қазақстан.- 2005.- 9 шілде.-4 б.
- Оразбай Е. Көп мәселе қамтыған конференция: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 7 шілде.-7 б.
- Өттің жалған / құраст. М. Асылғазин.- Алматы: Өнер, 1993.- 64б.
- Пазылов, Ә.Қ. "Мәдидің асыл мұрасы": [әнші, композитор, ақын Мәдидің туғанына 125 жыл] // Взгляд на события.- Қарағанды, 2005.- 2 наурыз(N8).-19 б.
- Рахымов Қ. Өлеңі - өрт, әні - шырын: Мәдидің туғанына 110 жыл // Орт. Қазақстан.- 1990.- 6, 7 қараша
- Рахұлы А. Мәди әндері шырқалды: өнер байқауы // Орт.Қазақстан.- 2005.- 11 қазан.- 8 б.
- Рысбайұлы Д. Азаттықты аңсаған ақиық: Қарқаралыға - 180 жыл // Азия Транзит.- Қарағанды, 2004.- N8.-26-31 б.
- Сағынтай С. Мәліксай: Мәди моласы басындағы ой // Орт.Қазақстан.- 2004.- 21 тамыз.-16 б.
- Садуақасов З. Мәди Бәпиұлын көзімен көрген адамдар естелігі: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 7 шілде.-7 б.
- Салықов К. Мәдидің ескерткішін ашқанда // Орт.Қазақстан.- 2007.- 20 қыркүйек.- 2 б.
- Сатаев А. Абай мен Мәди: Ұлы Абайдың туғанына 160 жыл, Мәдидің туғанына 125 жыл // Орт. Қазақстан.- 2005.- 27 қаңтар.-7 б.
- Сауғабай К. Ақынды да азаптаған заман- ай... // Қарқаралы.- 1999.- 15 мамыр
- Сауғабай К. Ақын туралы жаңа деректер // Қарқаралы.- 1996.- №11-12.- 6 б.
- Сауғабай К. Бала Мәди: очерк // Орт.Қазақстан.- 2005.- 10 наурыз.-12 б.
- Сауғабай К. Жас Мәдиді көремін.: Өлең // Орт. Қазақстан.- 2000.- 29 наурыз
- Сауғабай К. Мәди: Деректі хикаят, өлеңдер.- Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2000.- 110 бет
- Сауғабай К. Мәди: баллада // Орт.Қазақстан.- 2005.- 9 шілде.-7 б.
- Сауғабай К. Мәди жайлы: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 17 мамыр.-4 б.
- Сауғабай К. Мәдидің жан досы болған Мұсақым... // Орт. Қазақстан.- 1993.- 18 қыркүйек
- Сауғабай К. Мәдидің мәйітін мекеніне...// Орт. Қазақстан.- 1994.- 5 қаңтар
- Сауғабай К. Мәдидің суреті мен жаңа өлеңі // Орт.Қазақстан.-1996.- 5 қыркүйек
- Сауғабай К. Мәди мен Жәйпар: Деркеті хикаят // Орт. Қазақстан.- 1997.- 19 ақпан, Азия Транзит.-Қарағанды, 2005.- N8 (тамыз).-6 б.
- Сауғабай К. Құлын жарғақ.: Атағы Алатаудай бабаларым // Сана.- 2000.- 20 сәуір; 15 мамыр; 8 маусым(N15; 18; 22).-5 б.
- Сауғабай К. Өткен шағым тереземде жылап тұр: // Орт.Қазақстан.- 2000.- 5 шілде

- Сәдуақасұлы Е. Мәди - ер: жыр парақ // Азия Транзит.- Қарағанды, 2005.- N8 (тамыз).-8 б.
- Сәдуақасұлы Е. Қара бұлт айналып, тұтылды ай: жыр дәптерінен // Орт.Қазақстан.- 2005.- 22 желтоқсан.-12 б.
- Сембай М. Сайғақ та, саяқ та емес, сая болу керек: әнші-композитор, ақын Мәдидің туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 19 сәуір.-4 б.
- Смағұлов Ғ. Әшімбектің бір сапары хақында: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 12 шілде.-4 б.
- Смағұлов Ғ. Мәдиді пір тұтқан маркастарды көрдім // Орт. Қазақстан.- 2001.-21 ақпан
- Смағұлов Ғ. Халық күйінішінің жоқшысы: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 11 маусым.-9 б.
- Смағұлов Р. ...Қашқын боп қанша зарлап өтсам-дағы, Еске алып атымды ұрпақ айтар әлі: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл /Г.Жақыпханова //Қарқаралы.- 2005.- 16 шілде.-2-4 б.
- Смағұлов Р. Мәдидің көркемдік бейнесі: әнші, сазгер Мәди Бәпиұлының туғанына 125 жыл // Қарқаралы.- 2005.- 11 маусым.-4 б.
- Смағұлова Т. Сәкенмен сырлас, Мәдимен мұндас болған: көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Н.Нұрмақовтың туғанына - 110 жыл /Т.Смағұлова, Ғ.Смағұлов // Орт.Қазақстан.-2005.- 7 маусым.-4 б.
- Сүлейменов А. Қазақтан шыққан Робин Гуд немесе Мәди – мәңгілік тұлға // Қарқаралы.- 1998.- 16 мамыр
- Сүлейменов А. Мәди мәңгілікке бет бұрды: Ақын, сазгер Мәди Бәпиұлының туғанына 125 жыл // Қарқаралы.- 2005.- 20,27 тамыз,3 қыркүйек.- 4 б.
- Сүлейменов А. Сұрасақ Мәди еді менің атым... // Орт. Қазақстан.- 1999.- 13 қаңтар
- Тайшыбаев З. Азаттық ақсап алысқан. // Шұғыла.- 1979.- 12 мамыр
- Тайшыбай З. Атыңнан айналайын, Қарқаралы: М.Бәпиұлының туғанына 125 жыл толуына орай. // Жұлдыз.- 2006.- N4.-153-162 б.
- Тайшыбай З. Мәдидің бес хаты: Мәди Бәпиұлының 120 жыл толу қарсаңында // Орт. Қазақстан.- 2000.-12, 16, 19 ақпан
- Тарихи тұлға тағылымы: Мәди Бәпиұлына -125 жыл: Аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары / жауапты ред. Қ.С. Өскембаев, Ә.Қ. Жақан.- Қарағанды: ҚарМУ, 2005.- 138 б.
- Тоғжанов, Е.Л. Атамекен: Оқу құрал / Е.Л.Тоғжанов, Т.Т.Аршабеков.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 324 бет.
- Тойбек Ж. Мәди баба - жыр бағымыз: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.-2005.- 14 маусым.-6 б.
- Төкешев Н. Атыңнан айналайын... // Орт. Қазақстан. - 1990.- 25 шілде
- Төкешев Н. Әділдік үшін күрескен // Орт. Қазақстан. - 1988.- 6 қыркүйек
- Төкешев Н. Жарқылдаған семсер жүзі // Соц. Қазақстан. - 1990.- 25 шілде
- Төкешев Н. Мәди халық жүрегінде // Ленин туы. - 1990.- 5 шілде
- Төкешев Н. Халықтың даңқты ұлы // Орт. Қазақстан. -1990.- 3 ақпан
- Халиолла М. Бұл мекенге Мәди есімі лайық: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.- 2005.- 12 мамыр.-5 б.
- Халиоллин М. Жасымай өткен өмір // Орт. Қазақстан. - 1983.- 11 наурыз
- Халиолла М. Мәдидің жалғыз суреті: Мәди Бәпиұлының 125 жылдығына // Орт.Қазақстан.-2005.- 19 мамыр.-5 б.
- Хамзин М. Шыңға біткен шынар: Мәди Бәпиұлының туғанына - 125 жыл // Орт.Қазақстан.-2005.- 2 шілде.-9 б.
- Шәкәрім Ж. Мәдидің жаңа фотосуреті табылды // Қазақ әдебиеті.- 2006.- 20 қазан-2 қараша(№42-43).-1 б., Орт.Қазақстан.- 2005.- 21 маусым.-5 б., Егемен Қазақстан.- 2005.- 16 маусым.-6 б.

Шахов Д. Атылған күйшілер: /Мәди, Сарымтай, Ахметжан, Әбди күйшілер жайында// Мәдениет. - 1993.- №3 (1-15 ақпан)

Шыныбектегі Қ. Үшқара басың биік.: /М.Бәпиұлының туғанына 120 жыл толу қарсаңында// Сарыарқа. - 1999.- 31 шілде

Ығыбасұлы А. Егемен елдің Еуразиялық Ертұлғасы: Ақын, сазгер Мәди Бапиұлының туғанына 125 жыл // Қарқаралы.- 2005.- 24 қыркүйек.- 4 б.

Ырысбайұлы Д. Мәдидің монологы // Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 23 наурыз.-1 б.

1880 - Халық ақыны Ілияс Манкіұлының туғанына 130 жыл



Ілияс Мәңкіұлы 1880 жылы қаңтар айында Қарағандыға жақын Нұра өзенінің бойында, Ботақара деген таудың етегінде кедей шаруа отбасында туған. Ілиястың әкесі – Мәңкі, Мәңкінің әкесі Қайдауыл, оның әкесі – Жиенәлі, үшеуі де батыр, ақын әнші, сөзге ұста, ділмар болған адамдар. Әкесі Мәңкінің шешендік сөзі, шешесінің ақындығы, ағасы Көппай мен Тахауяның қиссашылдығы, апасы Қадишаның өлеңші, әншілігі, нағасышысы Соңтуғанның айтысқа шеберлігі жас Ілиясқа дүние есігін ашқан өмір мектебі болған.

Ілияс шығармашылығы негізінен екі дәуірге бөлінеді: революцияға дейінгі және одан кейінгі. Бірінші дәуірінің өлеңдерінде шаруалар мен жұмысшылардың аянышты халін көрсете отырып, үстем тап өкілдерін - байларды, би-болыстарды, саудагерлерді әшкерелейді. Ілиястың совет діуіріндегі поэзиясын жанрлық жағынан алғанда, жоқтау, көңіл айту, естірту, сәлем хат, толғау түрінде де, эпикалық жыр дастан, айтыс түрінде де кездеседі. Солардың ішінде ең көп қолданғаны - саяси лирикалық өлеңдер мен дастандар. Ілияс Қарағандының ақындары Қайып Айнабеков, Көшен Елеуовпен сөз сайысына түсіп, айтыс өнерімен де өзін республикамыздың әдебиет жұртшылығына танытты.

Отан соғысы жылдарында өзара сынның өткір құралына айналған айтыс жанрын дамытуда Ілиястың атқарған қызметі зор. 1944 жылы 25 маусымда ол жергілікті басшылығымен Қарағанды халық ақындарының айтысын ұйымдастыруға белсене ат салысты. өзі айтысқа түседі. 1948 жылы мамыр айында Қарағанды қаласында болған Қарағанды көмір тресі кеншілерінің облыстық мәслихатына қатысады. Мәңкіұлының сол кезеңдегі неғұрлым кең тараған шығармалары: «Нұра бойын жағалап», «Қайғырма, қапаланба», «Қайысты қабырғасы жұмысшының» т.б. Октябрь жеңісі туралы «Капитал дүниесі қираған күн» өлеңін жазды. «Бекбосын» поэмасы революциялық қозғалысқа қатысушы шахтер-қазақ Б.Сықымбаевтың бақыт жолындағы қажырлы еңбегіне арналды.

Ілиястың таңдаулы өлеңдері радиода, әдебиет кештерінде жиі оқылып тұрады, облыстық, республикалық баспасөз беттерінде үздіксіз жарияланып отырды.

Шахтер Ілияс 75 жасқа қараған шағында 1954 жылы дүние салды.

Әдебиеттер:

Манкин І. Байлыққа толсын отаным // Перндегі термелер: Қазақ совет ақындарың шығармалары.- Алматы, 1965.- 263-269 б.

Манкин І. «Қарағанды», «Ақын жыры»: Өлеңдері // Сарыарқа.- 1991.- 4, 9 көкек

Қайып пен Ілияс // Қаһарлы сөз қамал бұзады: Ұлы Отан соғысы кезіндегі ақындар айтысы.- Алматы, 1995.- 91-97 б.

Ілияс пен Көшеннің айтысы // Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары.- Алматы, 1961.- 203-211 б.

Ілияс пен Көшен // Қаһарлы сөз қамал бұзады: Ұлы Отан соғысы кезіндегі ақындар айтысы.- Алматы, 1995.- 168-177 б.

Ол туралы әдебиеттер:

Ғабдуллин М., Ысқақов Б. Ілияс Манкин // Халық ауыз әдебиеті.- Алматы, 1974.- 196-219 б.

Манкин Ілияс // Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 391 б.

Манкин Ілияс // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 397 б.

Ілияс Манкин // Қазақ әдебиетінің тарихы. 1Т.2-ші к-п. Қазақ халқының ауыз әдебиеті (совет дәуірі).-Алматы, 1964.- 638-658 б.

Смағұлов Ғ. "Жырыммен жеңісті шындадым" // Орт. Қазақстан.- 2002.- 8 мамыр

1885 – Мемлекет және қоғам қайраткері Имам Әлімбаевтың туғанына 125 жыл



Алашорда қайраткері, халқымыздың біртуар перзенті, белгілі қоғам қайраткері, халық ағарту саласының қызметкері И.Әлімбаев 1885 жылы Қарқаралы уезі, Ақсары болысы, Уақ қыспағында (қазіргі Бесоба ауылының маңы) дүниеге келген.

Білімге ерте бой ұрып, әуелі ауыл молдасы Сүлейменнен арабша хат танып, кейін Қарқаралыдағы қазақ-орыс мектебін бітіреді. Мектептен соң Семейдің мұғалімдер даярлайтын гимназиясында, одан соң Омбы семинариясында оқып, білім алады. Семейдің губерниялық халыққа білім беру бөлімінде инспектор, Семейдегі оқу орындарында орыс тілі мен грамматика, жағрапия пәндерінен сабақ береді. Оқытушылық қызметте жүріп, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков, Ж.Ақпаев, М.Жұмабаев сияқты халқымыздың біртуар ұлдарымен араласып, халық қамы үшін күреске белсене кіріседі. Алаш арыстарымен бірге Семейде, Омбыда, Новосібірде орыс тілінде шығатын газеттерге отарлау саясатын сынайтын мақалалар жариялап тұрады. Елдегі саяси жағдайларға аралсып, қазақ зиялыларының қатарында 1905 жылғы революциялық оқиға кезінде Қарқаралыда өткен шеруге қатысып, Россия Министрлер кеңесінің төрағасы С.Ю.Виттенің атына қазақ халқының атынан 145 мың адам қол қойған петицияны (арыз-тілек) дайындап-жолдайды.

И.Әлімбаевтың адам ретінде, азамат ретінде қалыптасуына А.Байтұрсынов айтарлықтай әсер еткен. А.Байтұрсынов Семейге сабақ беруге келгенде екеуі бір пәтерде тұрған. Кейін 1905 жылы А.Байтұрсынұлымен бірігіп Қарқаралы қаласында жаңа қазақ оқулығы мен әліппесі арқылы оқитын қазақ мектебін ашуға атсалысады. 1908-1913 жылдары ағартушылық, демократиялық қозғалысқа белсене араласып, мектептерде, семинарияда сабақ бере жүріп, білім-ғылым таратып, қазақ тілі мен әдебиетінің тарихымен, теориясымен шұғылданып, сөз мұрасын жинап, жүйелеп, зерттеп, баспасөзде мақалалар жариялап, аудармамен шұғылданады. Орынбордан шығатын «Қазақ» газетіне Семейден тұрақты түрде мақалалар жолдап тұрады.

1917 ж. желтоқсан айында құрылған «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің құрамына енеді. 1917 жылы сәуір айында Алаш партиясын құру үшін жалпықазақтық съезд шақыру мәселесі қаралған Торғайда үш жүзден астам адам қатысқан облыстық қазақ съезіне қатысып, болашақ үкіметтің бағдарламасының жобасын жасау жөнінде құрылған 8 адамнан тұратын ұйымдастыру бюросының мүшесі болады. 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынборда. бірінші бүкілқазақтық съезд өтеді, съезде құрылған «Алаш» партиясының құрамына кіреді. 1917 жылдың желтоқсанында «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің мүшесі болады. 1917 жылдың 5-12 желтоқсанында Орынборда өткен Екінші бүкілқазақтық съезд «Алашорда» үкіметінің құрылғанын жариялайды. И.Әлімбаев «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалып, 1918-1919 жылдары шығып тұрған

«Сарыарқа» газетінің редакторы қызметін атқарып, «Алаштың» атты әскерлер полкын жасақтауға қатысады.

